

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Білім беру ұйымдарында балалардың туристік-өлкетану
қызметін ұйымдастыру**

Әдістемелік ұсынымдар

**Организация туристско-краеведческой деятельности детей
в организациях образования**

Методические рекомендации

Астана, 2015

«Білім беру ұйымдарында балалардың туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдар (әдістемелік ұсынымдар) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК– Астана, 2015 жыл – 164 б.

Методические рекомендации «Организация туристско-краеведческой деятельности детей в организациях образования» РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» МОН РК, Астана 2015 г. - 164 стр.

Рецензенты: Мазбаев О.Б., д.п.н., доцент, Умирзаков А. Г., к.п.н., Имангулова Т.В., к.п.н., доцент.

«Білім беру ұйымдарында балалардың туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдары оқушылар арасында туристік-өлкетану бағытындағы педагогтерді туристік-өлкетану қызметінің басымдықтарына бағдарлайды. Жалпы білім беру және қосымша білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану қызметі формаларын қолданатын балалар бірлестіктері контингентін кеңейтудегі туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру тәсілдері ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдарда балаларды туристік-өлкетану қызметіне тартуға мүмкіндік жасайтын жаңа білім беру тәжірибелерін дамытуда балалар мен жасөспірімдер бастамаларының алға жылжуы мен насихаттауы, педагогтердің туристік-өлкетану қызметіне қолдау көрсету арқылы дамытудың озық тәжірибелері беріледі. Балалар арасында жаппай туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру бойынша тәжірибе көрсетілген. Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім берудің әдіскерлері мен педагогтеріне ұсынылады.

Методические рекомендации «Организация туристско-краеведческой деятельности детей в организациях образования» ориентируют педагогов на приоритетность туристско-краеведческой деятельности среди школьников. Представлены рекомендации по организации туристско-краеведческой деятельности с обучающимися общеобразовательных школ и организаций дополнительного образования, по расширению контингента детских объединений, использующих формы туристско-краеведческой деятельности в своей работе.

В методических рекомендациях «Организация туристско-краеведческой деятельности детей в организациях образования» представлен лучший опыт развития туристско-краеведческой деятельности педагогов посредством поддержки, продвижения и популяризации детско-юношеских инициатив, способствующих вовлечению детей в туристско-краеведческую деятельность. Представлен опыт по организации массовой туристско-краеведческой деятельности среди детей.

Предлагаемый материал адресован руководителям организаций дополнительного образования, методистам, педагогам дополнительного образования.

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2015 ж.21.05. № 2 хаттама)*

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(Протокол №2 от 21 мая 2015 года)*

© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2015

Мазмұны

1. Кіріспе	4
2. Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірім туризмінің жағдайына талдау	6
3. Халықаралық тәжірибе	11
4. Балаларға қосымша білім берудегі туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру	13
5. Туристік-өлкетану қызметінің клубтық қызметі және оқушылардың коммуникативтік қасиеттерін қалыптастыру мен дамытудағы оның мүмкіндіктері	59
6. Қорытынды	63
7. Қолданылған әдебиеттер тізімі	65
8. Қосымша	66

Содержание

1. Введение	87
2. Анализ состояния детско-юношеского туризма в Казахстане	89
3. Международный опыт	93
4. Организация туристско-краеведческой деятельности дополнительного образования детей	95
5. Клубная организация туристско-краеведческой деятельности и её возможности для формирования и развития коммуникативных качеств обучающихся	141
6. Заключение	145
7. Список литературы	147
8. Приложения	148

Кіріспе

Елбасының Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақты бірге салайық», «Қазақстандық жол - 2050» жолдауларын іске асыру мақсатында Балалардың туристік-өлкетану қызметін білім бері ұйымдарында ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдары дайындалды.

Еліміздің стратегиялық дамуы көбінесе жастардың тиімді әлеуетінсіз бола алмайтын әлеуметтік-экономикалық дамуындағы адами капиталының рөлімен анықталады.

Қазақстан Республикасын дүниежүзілік қауымдастығы нарықтық экономикасы бар ел ретінде таныды, оның дамуына салмақты үлес қосқан туристік сала.

Туристік-өлкетану бағыты Қазақстанның ұзақ мерзімді жоспарында экономикалық жағынан тиімді және ұлттық экономиканың экологиялық қауіпсіз саласы ретінде еліміздің дамуының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Туризм саласын дамытудағы мемлекеттің қойылған міндеттерінің аясында ішкі туризмді дамыту басымдылығын ескере отырып негізгі бағыттарының бірі өскелең ұрпақты осы процеске қатыстыру арқылы туризмнің белсенді түрлерін дамыту болып табылады.

Жалпыға мәлім ғылыми-техникалық және әлеуметтік ілгерілеуде адамның үлкен көлемде әртүрлі ақпаратты меңгеру, білімін толықтыру, жетілдіру қажеттілігі туындайды. Осы жағдайда негізгі педагогикалық процестер кіріктірілген туристік-өлкетану қызметінің рөлі арта түседі.

Туризм – жас ұрпақтың мағыналы демалуы мен жұмысбастылығын ұйымдастырудың тиімді формаларының бірі.

Тұлға құқықтарын дамыту мен өзін-өзі көрсетуге, балалар мен жастардың әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың уәждемелік әлеуетін дамытуға, тұлғаның, қоғамның, елдің бәсекелесуге қабілеттілік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудағы ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-шараларының кешенді комплексі қамтылған Тұжырымдамалық тәсілдерді қабылдауда қажеттілік туындайды.

Тұжырымдамалық тәсілдер өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуді, салауатты өмір салтын нығайтуды, туристік-

өлкетану мен экскурсиялық қызметіне жағдай жасауды, зиян дағдыларға мен құқық бұзушылықтың алдын-алуды, балалар мен жастарды өз Отанының патриоттық мұрасына қатыстыруды жобалайды.

Тұжырымдамалық тәсілдер елімізде балалар-жасөспірім туризмінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелең ұрпақтың әлеуметтенудегі және өзін-өзі дамытуға өзекті мәселелерді шешуге бағытталады және Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдары, Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы және т.б белгіленген Қазақстанның тәрбие саясатының негізгі қағидаттарын дамытады.

Тұжырымдамалық тәсілдер мектеп оқушыларын жорықтар, саяхаттар, экспедициялар, экскурсиялар және клуб жұмыстары арқылы туристік-өлкетану қызметіне барынша қатыстыруға бағытталған және ішкі туризмін дамыту басымдылығын ескеріп құрастырылған, мемлекеттік саясатының жалпы стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін айқындайтын құжат болып табылады.

Осы құжат білім беру басқармалары органдарының арасындағы, дене шынықтыру, спорт және туризм, туристік бағыттағы жастар мен қоғамдық ұйымдарының арасындағы, орталықтардағы және орындарындағы мемлекеттік биліктегі органдар арасындағы



құзыреттіліктерді бөлу қағидаттарындағы балалар мен жасөспірім туризмін басқару жүйесін жетілдіретін тәсілдерді қарастырады.

Тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру балалар-жасөспірім туризмінің инфрақұрылымын дамытатын негізгі аспектілерді қамтамасыз етуге және тартымдылығын арттыруға, осы саланы қолдау мен мемлекеттік тиімді реттеу тетігін жасауға жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірім туризмінің жағдайына талдау

Қазақстанда туристік-өлкетану бағдарындағы балалар ұйымдарының мемлекеттік желісі ХХ ғасырда қалыптасты. Оның дамуы қандай да болсын саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйеде қоршаған ортаны танудағы тиімді құралы ретінде педагогикалық мақсаттылықта туризм мен өлкетануды пайдалануды сендірген.

Көптеген онжылдықтар ішінде Қазақстанның білім беру жүйесінде туристік-өлкетану жұмысының жүйесі қалыптасты және жұмыс істеуде.

Қазіргі кезде республикада **35** жас туристер-өлкетанушылар станциялары мен орталықтарында **19084** оқушы, жалпы білім беретін мектептердің туристік-өлкетану үйірмелері мен бірлестіктерінде **35844** оқушы, басқа қосымша білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану үйірмелерінде 7-17 жас аралығында **12192** бала шұғылданады.

Жалпы туристік-өлкетану бағытымен жалпы оқушылар санының 2,6 % (2014 ж. - 1,6 %) **67120** бала қамтылған.

Өңір	туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелерде жұмыспен қамтылған жалпы бала саны						
	барлығы	жас туристер стансалары		туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелері бар басқа ҚБ ұйымдары		туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелері бар мектептер	
		ондағы үйірмелер	ондағы балалар	ондағы үйірмелер	ондағы балалар	ондағы үйірмелер	ондағы балалар
1	2	4	5	7	8	10	11
Ақмола обл	2549	0	0	19	516	176	2033
Ақтөбе обл	2975	19	720	18	755	154	1500
Алматы обл	5797	4	450	4	127	319	5220
Атырау обл	525	0	0	2	80	29	445
ШҚО	3098	7	105	28	870	123	2123
Жамбыл обл	5711	0	0	18	4364	85	1347
БҚО	13933	569	10888	11	168	151	2877
Қарағанды обл	4849	0	0	23	543	223	4306
Қостанай обл	3001	0	0	17	473	191	2528
Қызылорда обл	1248	0	0	13	745	27	503
Маңғыстау обл	744	0	0	2	110	36	634
Павлодар обл	3131	13	659	21	743	133	1729
СҚО	2061	14	210	14	210	107	1641
ОҚО	11261	238	3751	9	350	331	7160
Алматы қ.	4631	102	1632	128	2048	48	951
Астана қ.	1606	28	669	4	90	35	847
Барлығы:	67120(2,6%)	994	19084(0,7%)	331	12192(0,5%)	2168	35844(1,4%)

Соңғы он жыл ішінде туристік-өлкетану бағытында дамудың оң динамикасы (2004 ж. – 5033 бала қамтылған 9 ұйым, 2014 ж. – 19084 балалар қамтылған 35 ұйым) байқалады.

Туристік-өлкетану бағытындағы республикалық және облыстық жарыстар, слеттер және конкурстар өткізіледі. Осындай іс-шараларды өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тұрақты қызығушылықтарын және ерте кәсіби бағытталуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Қазақстанның жас бағдар берушілер мен жартасқа өрмелеушілер Азия, Еуропаның, әлем біріншіліктерінің чемпиондары мен жүлдегерлері.

Балалар туризмі – адамзат жинаған өмірлік тәжірибесін жаңа ұрпаққа берудің маңызды тәсілі, құндылыққа бейімделуді қалыптастыру, ұлттық адамгершілігін қалпына келтіру.

800 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер туристік-өлкетану қозғалысындағы оқушылардың «Атамекен», «Болашақ», «Жас ұрпақ», «Шұғыла», «Туған елге тағзым» және т.б. әртүрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысады.

Оқушылардың «Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану экспедициясы аясында жыл сайын мыңдаған жас туристер және олардың жетекшілері қатысатын әртүрлі маршруттар бойынша оншақты жаяу, шаңғыдағы, судағы, велосипедтегі жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар ұйымдастырылады.



Жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден бастап Отанымыздың бас қаласы Астанаға және еліміздің басқа аймақтарына дейін оқушылардың «Туған өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның киелі жерлеріне дейін» экспедициялар ұйымдастырылады.

Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы туристік-өлкетану қызметінің түрлі формалар бойынша мол тәжірибе жинады. Бұл орталық 1960 жылы құрылып, қазіргі уақытта осы саладағы Қазақстанның қосымша білім беру орталықтарының ішінде жетекші орталық болып табылады. 35 туризм орталығының 14 орталығы Батыс Қазақстан облысында.

Орталық жанында Мәскеу Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының қазақстандық бөлімі «Балалар даму академиясы» қоғамдық бірлестік, «Этюд» киностудиясы жұмыс істейді. Орталықтың базасында республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу жақсы дәстүрге айналды.

Оқушылардың «Жайық - Орал» су экспедициясы танымал болды. үгіт-насихат акциясынан Батыс Қазақстан сондай-ақ Жайық өзенінің алқабындағы іргелес Ресейдің басқа өңірлерінің бірталай жастарын біріктіретін экологиялық қозғалыстың қуатты негізіне өз құрылымы мен жүйесі бар кешенді туристік-экологиялық экспедициясына айналды.



Бұл іс-шараның бағдарламасына «Орал өңірінің кіші өзендері» экологиялық-өлкетану экспедициясы, «Таза ауыл», «Орал өңірінің жасыл желкені», «Турист, өз ағашыңды ек» акциялары, бердинг бойынша жарыстар және «БҚО табиғатының ескерткіштері» экологиялық экспедициясы кіреді.

Жыл сайын «Каспий маңы өңірінде туризмді дамыту бойынша» халықаралық форумды өткізу аясында Маңғыстау облысы және Байқоңыр қаласының әкімдігі арасында балалар туризмін дамыту бойынша ақпарат алмасу дәстүрге айналды.

Павлодар облысының «Экотуризм және өлкетану» облыс орталығының базасында «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициясының жобасы табысты іске асырылуда. Осы орталықтың оқу процесі өлкетану жұмысында жоғары жеке және командалық жетістіктерге, сондай-ақ туристік-спорттық дағдыларға жетуге бағытталған.

Дене бітімі, рухани жағынан, әлеуметтік сауықтыру, Отанды танып білу, шығармашылық әлеуетті ашу және спорт жетістіктерін жетілдіру шешімдерінде тиімді әдістерінің бірі спорттық-сауықтыру жылжымалы шатырлы лагерьлер мен сапарларға балалар мен жастарды белсенді түрде тарту болып табылады. Жыл сайын республикада **1300**

бейінді, киіз үйлі, шатырлы лагерьлер, онда **140 мыңнан** аса балалар денсаулықтарын сауықтырады және туристік дағдыларын арттырады.



Республиканың білім беру ұйымдарында мектептердің тәрбие жұмысы бойынша **7668** директорлардың орынбасарлары, **18402** қосымша білім беру педагогтері, соның ішінде **851** туристік-өлкетану бағытындағы педагогтер жұмыс істейді.



Соңғы жылдары балаларға қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандардың орта жасы 13 жылға «жасарды» және орташа 40 жасты құрайды, оның ішінде 46%-ы ер адам.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірім туризміне әсер ететін жағдайлар мен факторларды талдағанда,

республикада бұл бағыттың қарқынды дамуын қиындататын негізгі себептерді белгілеуге болады.

Соңғы он жылдың ішінде туристік бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының саны **26** бірлікке дейін өскеніне қарамастан, бұл ұйымдар Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында жоқ.

Балалар-жасөспірім туризмі ұйымдары орналасқан ғимараттардың техникалық жағдайы ерекше үрей туғызады. Балалар туристік ұйымдарының материалдық техникалық базасы ескірген немесе мүлдем жойылған.

20 орталық бейімделген ғимараттарда орналасқан. **50%**-дан аса ұйымдар күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Оншақты орталықтардың жеке ғимараттары жоқ, өз бетінше ұйымдастырылған туризм бірлестіктері жалпы білім беретін мектептерде орналасқан. Осындай ғимараттардың жартысы Оңтүстік Қазақстан облысында.

Балалар-жасөспірімдер жүйесі қазіргі құрал-саймандардан, оқу құралдардан, компьютерлік техникадан, сапалы Интернет-байланыстан тапшылық көреді. Республикада туристік жабдықтармен жасақталған өз бетінше ұйымдастырылған туризмнің барлық бірлестіктері **15%**-ды құрайды.

Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесінің дамуын артқа тартатыны тағы бір проблема - бюджеттік қаржының аз бөлінуі. Қазақстанда әр түрлі қосымша білім беру ұйымдарының саны **833**. **Олардың 35-і** туристік-өлкетану ұйымдары. 2014 жылы оларды қаржыландыру қосымша білім беру ұйымдарының жергілікті бюджеттен жалпы қаржыландырудың тек **3,2%**-ды (*753,2 млн. теңге*) құрады және оның жартысы айлық төлемақыға жұмсалады.

Оқушылармен өткізілетін республикалық және өңірлік іс-шараларды қаржыландырудың кепілді жүйесінің жоқтығы педагогтердің оқыту қызметін жетілдіру, мазмұнын дамыту уәждемесіне, қосымша білім беру жүйесінде балалардың санын көбейту мүмкіндіктеріне жағымсыз әсер етеді. Спорт туризміндегі дарынды балаларға қолдау жеткіліксіз.

Негізгі іс-шаралардың жазғы уақытта болуына байланысты білім алушылардың ұйымдастырылған топтарына арналған жол жүруге жеңілдік енгізу мәселесі туындады. Аз қамсыздандырылған отбасылардағы, ата-ананың қамқорлығысыз және өмірлік қиын жағдаятта қалған балалар, балалар-жасөспірімдер туризмінің іс-

шараларымен толықтай қамтылмаған, бұл әлеуметтік бейімделуді қиындатады және қоғам үшін қосымша әлеуметтік шығындар әкеледі.

Көпшілікке арналған балалар-жасөспірімдер туризмі қымбат болмауы керек. Мемлекет бұл мәселе бойынша ірі туроператор ретінде шыға алады немесе түрлі экономикалық тұтқа арқылы бұл проблемаларды реттейді.

Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру жүйесінің нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіруді қажетсінеді. Құқықтық базаның жеткіліксіздігі мен қайшылығы жүйенің әлеуметтік мәртебесін толық қамтымайды, сақтауға және қорғауға кепіл болмайды, оның даму мүмкіндіктеріне шек қояды.

Балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдарының қызметінде орта және мектеп жасынан үлкен балаларға бағытталған ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға толықтай назар аударылмайды. Туристік-өлкетану қызметінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған бағдарламалық-әдістемелік құралдар жоқ.

Балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру бойынша озық педагогикалық тәжірибелерді анықтауға, жинақтауға, енгізуге және таратуға толықтай көңіл бөлінбейді.

Туристік-өлкетану бағытындағы технологияларды меңгерген педагогтердің, мамандардың біліктілігі жеткіліксіз деңгейде. Іске асырылудағы кәсіби дайындық және біліктілік арттыру бағдарламалары осы категория мамандарының қызмет ерекшеліктерін нашар көрсетеді. Тек соңғы 3 жылдың ішінде туристік-өлкетану бағыты бойынша педагогтердің **30,8 %-ы** өз біліктілігін арттырды.

Туристік өлкетану бағытында педагогтердің **69,2 %-ы** өз біліктілігін арттыруды қажетсінеді.

Халықаралық тәжірибе

Әлемдік тәжірибеде харекетшіл туристік қозғалыс және балалар-жасөспірім туризмі бірегей әлеуметтік көріністі білдіреді.

Туризмнің еуропалық балалар және жастар орталықтарының ортақ айқын сипаттары спорттық-сауықтыру кең спектрі бар экскурсиялық-танымдық бағдарлама болып табылады.



Франция және еуропаның басқа елдерінде тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында білімдік жастар туризмі молымен бюджеттік қаражатпен қаржыландырылады.

Словакия елінде балалар туризмі бағдарламаларында жұмбақ

үңгірлер, виндсерфинг, атпен жүру немесе құзға шығу қосылған экскурсиялар ата-аналардың және балалардың сұраныстары ие және табысты іске асырылуда.

Канада, Кения, АҚШ, Қытай жастарының арасында ерекше әйгілілік табиғи қорықтарға және ұлттық парктерге бару болып табылады.

Германияда жастар туризмі өскелен ұрпақтың өмір салтының ажыратылмайтын сипаты. Жастар қызметінде - Германияның әдемі жерлерде орналасқан жастар туристік базасының кең жүйесі (олар германиялық жастар туристік базасының Одағындағы 600 көп), сонымен қатар жас табиғат сүюшілерге арналған және тұруы қымбат емес 400-ден аса үйлер.

ISIC халықаралық куәлік ЮНЕСКО Ассоциациясының бастамасы бойынша басты мақсат - жас туризмінің дамуына ықпал ету. Белгіленген қолданылу мерзімімен (16 ай) бірыңғай карточканы енгізу жеңілдік пен шегерім жүйесін жасау жолында тиімді қадам болды, жас туризмді кеңейтуге мүмкіндік жасады. Картаның иелері мұражай мен экскурсияға бару үшін жеңілдік ала алатын болды.



Балалардың қосымша білім берудегі туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру

Қазіргі заманда азаматтық тәрбиенің басымдықтары мен негізін қалайтын қағидаттарды айқындауға қойылатын жаңа тәсілдерді әзірлеу және іске асыру қажеттілігі анық. Оны дамытудағы стратегия мен тактиканың үйлесуі, әртүрлі үлгідегі және түрдегі білім беру мекемелерінің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып тәрбиелеу жұмыстарының заманауи әдістерін құру туралы мәселе ерекше назар аударуды қажет етеді.

Бұл жағдайларда мектептен тыс жұмыстарда мол тәжірибесі, жоғары кадрлық әлеуеті, материалдық базасы бар балаларға қосымша білім беру жүйесінің рөлі артады. Туристік-өлкетану қызметі қосымша білім беру жүйесінде ерекше орынға ие.

Балалар-жасөспірімдер туризмі—өзінің әртүрлілігі мен әмбебаптығының арқасында кішкентай азаматты үлкен өмірге іс-жүзінде дайындау үшін кең мүмкіндіктер ашатын тәрбиелеудің маңызды құралы. Балалар үшін - туризм –белсенді демалыс тәсілі, қызықты сабақ, ғажайып өмір салтының романтикамен толығуы. Ал педагогтар үшін ол—өздерінің тәрбиеленушілерін жақсырақ, тереңірек танудың және оларды дамытуға белсенді ықпал етудің құралы, тәсілі. Жас туристердің туристік-өлкетану жұмысы нысандары бойынша әртүрлі.

«Өлкетану» термині ХХ ғасырда пайда болды. Бастапқыда «туған жер тану» ұғымы қолданылды, оның орнына «отантану» ұғымы келді, біртіндеп «өлкетану» ұғымына ауысты. Адам өзінің туған және өскен өлкесі мен шағын отанын зерделеу, тану – өлкетанудың міндеті.

Өлкетану қызметі—рухани адамгершілік тәрбиесі жүйесіндегі әмбебап аспап және сыналған тиімді тәрбиелеу құралы болып табылады және жоғары білім беру әлеуетіне ие.

Туризм ұғымы әртүрлі өлшемдер бойынша: саяхат мақсаттары бойынша, ұйымдастыру нысаны бойынша, қатысушылардың саны бойынша, жас көрсеткіші бойынша және т.б. сыныпталады.

Осы тұрғыдан туризмді мыналарға:

- ішкі;
- халықаралық (шығу, келу);

- біріктірілген туризмге бөлуге болады.

Саяхат мақсаттары бойынша туризм:

- танымдық
- спорттық;
- рекреациялық (демалыс);
- сауықтыру түрлеріне бөлінеді.

Техникалық бағыттары бойынша оқушылардың танымдық саяхатын этнографиялық, геологиялық, экологиялық, тарихи, археологиялық және сапарлардың басқа түрлеріне бөлуге болады.

Ұйымдастыру тәсілі бойынша туристік саяхат:

жоспарлы (туристік-экскурсивтік мекемелердің бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады), өз бетінше туризм болып бөлінеді.

Сапарлары мен саяхатының ұзақтығы бойынша:

- бір-екі күндік;
- көп күндік болып бөлінеді.

Туризмнің танымал түрі өз бетінше туризм болып табылады. Өз бетінше туризмнің барынша кең таралған нысанына: туристік серуендер, саяхаттар, экспедициялар, слеттер, туристік лагерлер жатады.

Белсенді жылжу тәсілі бойынша өз бетінше туризм:



- жаяу;



- шаңғы;

- су;



- тау;



- спелеотуризм;



- велотуризм;



- авто-мототуризм;





- біріктірілген ретінде сыныпталады.

Қолда бар статистикалық деректер бойынша туризмнің жаяу, шаңғы, су, құзға шығу және тау туризмі сияқты түрлері барынша дамыған.

Республиканың жекелеген өңірлеріндеспелеотуризм таралған.

Күрделілігі бойынша спорттық-туристік саяхатты:

- санатты емес;

- санатты тәсілдер (1, 2, 3 күрделілік дәрежесі)депбөледі.

Балалар туризмінде маусымдылық сияқты критерийлер негізінде сыныпталу ерекшелігі бар.

Мыналарға:

- маусымдық – каникул кезеңі (күз, қыс, көктем - 8-12 күн, жаз - 3 ай);

- маусымаралық болып бөлінеді.

Балалар туризмінің барлық осы түрлері практикада жекелеп те, бір-бірімен бірлесіп те кездеседі.

Балалар-жасөспірімдер туризмін бірнеше негізгі түрлерге бөлуге болады, атап айтқанда:

1. Ішкі туризм:

- оқушыларға арналған экскурсия;

- спорттық туризм (оның ішінде спорттық-туристік жарыстар);

- өз бетінше мектеп алмасулары;

- коммерциялық негізде танымдық және рекреациялық балалар турлары;

- балалар лагерлерінде сауықтыру және демалыс.

2. Шығу туризмі:

- халықаралық валютасыз алмасуларды ұйымдастыру;

- дарынды балаларға, шығармашылық конкурстардың, олимпиадалардың және т.б. жеңімпаздарына арналған білім беру, іскер және көтермелеу сапарлары;

- коммерциялық негіздегі танымдық жәнерекреациялық турлар;
- халықаралық жастар және балалар орталықтарына (лагерлеріне) шығу.

Заманауи мектептің маңызды стратегиялық міндеттері өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыту болып табылады.

Оқушылардың туристік-өлкетану қызметіолардың тұлғасын қалыптастыруда кешенді әсер етудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Онда дұрыс педагогикалық құрылған жағдайда тұлғаны тәрбиелеудің барлық негізгі: идеялық-саяси, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі жақтары кірігеді, оқушылардың дүниетанымы елеулі түрде кеңейеді – ақыл-ойы қарқынды дамиды.

Осы қызметтің кейбір элементтерін балалар балабақшалардың өзінде өздерінің табиғатқа серуендеулері мен экскурсияларында, табиғат бұрышындағы жұмыстарында алады. Бастауыш мектепте жасөспірімдік жаста қызығушылықты сақтау үшін осы қызметті бекіту қажеттілігі туындайды.

Туристік-өлкетану қызметінің ерекшелігі оқушылардың оларды қоршаған ортамен және әлеуметтік ортамен расында, өмірде тікелей «бетпе-бет» келуі болып табылады.

Туристік-өлкетану қызметінің романтикасы осы салаға балалардың өзін де, олардың ата-аналарын да тартуға мүмкіндік береді.Туристік-өлкетану қызметі бірыңғай ұжым: мұғалім, ата-ана, оқушылар ұжымын қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол көп жағдайда оқушыларға тәрбиелеуші әсерді күшейтуге, педагогикалық әсердің мақсатты бағдарлануын жақсартуға жәрдемдеседі.

Туристік-өлкетану қызметі балалардың қосымша білім беру жүйесінде егер педагогтардың азаматтық танымында көрсетілген оның әлеуметтік-тарихи негізділігі, олардың кәсіби-тұлғалық дамуы танылған болса; Қазақстанда туризм, өлкетану, оқудан тыс жұмыстарды дамытудың дәстүрлі қалыптасқан тәжірибесі пайдаланылған және дамыған болса; озық үрдістер, қағидаттар мен жалпы білім беру процесінің ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлары айқындалған болса; оқушылар арасында туристік-өлкетану қызметін дамыту үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайлар жасалған болса; туристік-өлкетану балалар бірлестіктеріндегі білім беру процесін оның субъектілері жоғары танымдық белсенділікпен, білім беру бағдарламаларын таңдау бостандығымен сипатталатын,

туристік-өлкетану қызметінің теориясымен және практикасымен ұйымдастырушылық біріккен болса, педагогтар мен оқушыларды дайындау процесі ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етулермен сүйемелденетін болса табысты жұмыс істей алады.

Бүгінгі таңда адамның сауаттылығы арнайы (пәндік) білімдермен айқындалып қана қоймайды, оның заманауи құндылық жүйесінде отандық және әлемдік мәдениетке бағдарлана отырып, қоғамда белсенді әлеуметтік бейімделуге және өзін-өзі қалыптастыруға және өзін-өзі жетілдіруге дербес өмірлік таңдауға қабелітті тұлға ретінде жан-жақты дамуымен айқындалады.

Сондықтан жалпы білім беру мектептеріндегі жалпы білім беру процесі белгілі бір білімді, дағдыларды берумен ғана шектелмеуі тиіс, сонымен қатар баланы жан-жақты жоспарлы дамытуға, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, қабілеттерін және бастамашылығын, өзін-өзі дамытуын, фантазиясын, өзгешелігін, яғни адамның даралығына қатысты барлық қырын ашуға бағытталуы тиіс. Мектептегі білім беру жүйесі баланы жеке тұлға ретінде жан-жақты дамытуды есепке алмай білім беруге бағдарланатын болса білім беруді дараландыру және әртараптандыру, оқушылардың өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту жарияланған ұран болып қана, ал жеке тұлғаға бағдарланған тәсілді іске асыру – қол жеткізілмейтін міндет болып қала береді.

Туризм, өлкетану және экскурсия оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің пәрменді құралы болып табылады, оқушыларды жан-жақты дамытудың, оларды өмірге, еңбек қызметіне дайындаудың мақсаты болады. Туризм және өлкетану білімін алу процесінде танымдылық белсенділігі дамиды, патриоттық, дене тәрбиесі және эстетикалық тәрбиесі дамиды, денсаулығы нығаяды, бос уақытын ұтымды пайдаланады, жігерлі және адамгершілік – ұжымдық, бастамашылық және дербестік жағынан тәрбиеленеді.

Оқушылар саяхаттарда, сапарларда және экскурсиялардамектептің және басқа мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың тапсырмаларын орындайды;табиғатты, табиғат ескерткіштері мен мәдени ескерткіштерді қорғау бойынша жұмыстар жүргізеді.

Республикада балаларға негізгі (базалық) және қосымша білім беру тең құқылы, бір-бірін өзара толықтыратын құрамдауыштар ретінде қаралады және осылайша әрбір баланы толыққанды тұлға

ретінде және жеке дамыту үшін қажетті бірыңғай білім беру кеңістігін құрады. Осы жағдайларда мектеп оқушыларды дамытуда зияткерлік ауытқушылықты жеңе алады және олардың қоғамда табысты орнығуы үшін негіз құра алады.

Балаларға қосымша білім беру баланы тұлға ретінде «жақында дамыту аймағы», үнемі баланың қалауы мен қажеттілігімен ұштасатын бағытты еркін таңдау ретінде білім беру процесін дараландыруды құруға, мектептің, ауданның, өңірдің білім беру кеңістігінде әрбір бала үшін дара білім беру траекториясын құруға қабілетті.

Қазіргі уақытта қосымша білім берудің туристік-өлкетану қызметінің рөлі өсіп келе жатқан ұрпақты дайындауда елеулі дамып келеді. Ол балалардың өмірге өзін-өзі тұрақты дамытуын қамтамасыз ететін олардың кепілдіктері мен қабілеттерін анықтаумен және дамытумен байланысты маңызды әлеуметтік проблеманы шешу үшін талап етіледі.

Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты тұлғаны оқытудан, тәрбиелеуден және шығармашылық дамытудан басқа балаларды жұмыспен қамтуды, олардың өзін-өзі дамытуын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, салауаты өмір салтын қалыптастыру, қарауыздықтың, құқықбұзушылықтың және балалар мен жас өспірімдердің басқа да әлеуметтік көріністерінің алдын алу сияқты бірқатар басқа әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану қызметі негізінде таудау, балалар мен отбасының әлеуметтік-экономикалық проблемалары, жалпы қоғамды сауықтыру бойынша сапалы білім беруді қамтамасыз ету проблемалары шешіледі.

Қосымша білім беру балаға өзінің дара білім алу жолын таңдауға, үлгеру деңгейіне қарамастан өзінің қабілетіне сәйкес жетістікке қол жеткізуге нақты мүмкіндік береді. Қосымша білім беруде бала білім алудың мазмұнын, нысанын өзі таңдайды, сәтсіздіктен қорықпайды.

Қосымша білім беру міндеттерін іске асыра отырып мектеп бір жағынан білім беру стандартын игеру, екінші жағынан – тұлғаның еркін дамуы үшін жағдайлар жасау қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықты шешеді, ол білім беруді жаңғыртудың маңызды қағидаты ретінде танылған білім берудің негізгі ізгілігі болып табылады. Ізгілік педагогикасы дара тұлға ретінде қабылдауға, оның өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі анықтауға арналған құқығын қорғауға бағдарлануымен ерекшеленеді. Қосымша білім беру ғана осы өлшемдерге толық жауап

беретіндігін атап өтуге болады. Ол өзінің мәні бойынша базалық білім беруден айырмашылығы мектеп стандартын игеруге бағытталған пәнге бағдарлануды жалғастыратын тұлғаға бағдарланған болып табылады. Білім берудің екі түрінің мектеп қабырғаларында органикалық үйлесуі ғанажеке баланы да, барлық білім беру ұйымын да дамытуға көмектесе алады. Бұны түсіне отырып — мектеп педагогтерінің қосымша білім беруді қабылдау жолында психологиялық кедергіні жеңе алу негізі негізгімен тең.

Қосымша білім берудің туристкалық-өлкетанудың негізгі мақсаты балалардың өз ойын білдіруі, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі анықтауы үшін жағдайлар жасау болып табылады. Осы мақсатты іске асыру үшін оқушыларды объект ретінде емес субъект ретінде көру маңызды, ол белсенділік, дербестілік, коммуникативтілік сияқты жеке қасиеттерін дамытқан жағдайда мүмкін болады.

Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытындағы білім беру процесінің өзінің нақты, тек оған ғана тән **ерекше жақтары** бар:

– негізгі оқудан бос уақытта балалармен жүзеге асырылады және бағыттарды, қызмет түрлерін еркін таңдаумен және бір жыл ішінде қызмет саласын ауыстыру мүмкіндігімен ерекшеленеді;

– барлық қатысушылардың (балалардың, ата-аналардың, педагогтардың) еріктілігімен, бастамашылығымен және белсенділігімен, қатаң регламенттеудің және қатаң қойылған нәтижелердің болмауымен сипатталады;

– оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған, танымдық қызғушылығын дамытады және оқушыларға әртүрлі бағыттар мен оқу нысандарын байланыстыруға құқық береді;

– оған қатысушылардың барлығына формальді емес және қолайлы сипатқа ие.

Оқу процесіне ғана сенуге болмайтын, қосымша білім беруді екінші кезектегі процесс деп қабылдау стереотипін жеңетін уақыт келді, ол баланы оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды бірыңғай процеске біріктірудің объективті мүмкіндігіне ие.

Жалпы білім беретін мектептерде балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетануды толыққанды дамыту **мынадай міндеттерді шешуді** болжайды:

1. Балалардың туризммен және өлкетанумен айналысуын, демалуын және бос уақытын ұйымдастыруын қамтамасыз ету және

құқықтарын қорғау.

2. Балалармен туристік-өлкетану жұмыстың бағыттарын, нысандарын және әдістерін айқындау.

3. Балалар және жастар туризмі жүйесін дамыту үшін жағдайлар жасау. Мектеп оқушыларымен өткізілетін туристік-өлкетану іс-шараларының қауіпсіздігін, ұйымдастыру сапасын және педагогикалық тиімділікті арттыру. Қосымша білім беру бағдарламаларының қол жетімділігін, оның ішінде балалардың ерекше санаттары үшін қол жетімділігін арттыру.

4. Балаларды туристік-өлкетану бейініндегі қосымша білім беру қызметтерімен қамтуды ұлғайту.

Қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытындағы жүйесі әрбір балаға өзінің қалауы бойынша оқуды таңдауға мүмкіндік береді оқушылардың толық шұғылдануы үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, туған өлкелерінің көбін терең зерделеу үшін жағдайлар жасайды.

Оқушылармен қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты шеңберінде жұмыс маңызды тәрбиелеу міндеттерін орындайды: оқушылардың бос уақыттарын мақсатты ұйымдастырады, шығармашылық тұлғаны қалыптастырады, өзін-өзі әлеуметтік, мәдени және кәсібиайқындауға жағдайлар жасайды, теріс мінез-құлықтың алдын алады.

Тарих, география, өлкетану және басқа пәндер бойынша пәндік консультация оқушыларды осы пәндер бойынша жобалау және зерттеу қызметінің негізіне оқытуға ықпал етеді.

Осылайша, қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты рухани, зияткерлік, дене тәрбиесін дамыту, шығармашылық және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бейімделген.

Мектепте қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытын қосымша білім берудің міндетті білім беру бағдарламасын басшылыққа алатын мүдделер бойынша балалар шығармашылық бірлестіктерінің басшылары іске асырады.

Мектепте туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыру кезеңдері

1-кезең – талдамалық.

Осы кезеңдегі дайындық жұмыс мыналардан тұрады:

– мектептің мақсаты мен міндетін ұқыпты талдау. Балаларға

қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытын бәрінен бұрын педагогикалық ұжымның жалпы бағдарлы бағытына, әрбір паралелде шешілетін міндеттерге, жоғары сыныптардағы бар немесе жоспарланатын бейіндердің сипатына байланысты таңдау орынды;

– сауалнама жүргізу, ауызша сұраулар жасау, ата-аналар жиналыстарында ұжымдық талдау және басқа әдістерді пайдалана отырып қосымша білім беру қызметтеріне балалар мен ата-аналардың сұранысын айқындау;

– факультативтік курстардың, сондай-ақ мектептергі жұмыс істеп тұрған үйірмелер мен секциялардың болуына балалар мен ата-аналардың сұраныстарын салыстыру;

– балаларға қосымша туристік-өлкетану бағытында білім беру ұйымдарының жақын білім беру ұйымдары ұсынатын қосымша білім беру қызметтері спекторын зерделеу, олармен бірлескен жұмыстың ықтимал нұсқаларын көздеу;

– мұғалімдердің, ата-аналардың, жоғары сыныптағылардың шығармашылық әлеуетін талдау;

– мектептің материалдық-техникалық мүмкіндіктерін бағалау.

2-кезең – жобалау.

Осы кезеңнің орталық міндеті – мектепте қосымша білім берудің жалпы схемасын әзірлеу. Оны құру үшін мынадай мәселелерге жауап беру қажет:

– мектепте балаларға қосымша білім берудің қандай бағыттары (бағыттылығы) қажет және олар оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға қандай шамада ықпал етеді;

– осы бағыттардың қайсысын және қандай нысандарда тікелей мектеп базасында жүзеге асыруға болады, ал қайсысын балаларға мектептен тыс қосымша білім беру базасына шығару орынды;

– олардың қайсысын педагогтердің, шақырылған мамандардың, ата-аналардың, жоғары сынып оқушыларының көмегімен іске асыруға болады;

– мектептің бастапқы материалдық-техникалық базасын балаларға қосымша білім беру саласында қандай шамада пайдалануға болады;

– оны ненің есебінен дамытуға және жетілдіруге болады;

– оқушыларды қосымша білім беру нысандарына және бағыттарына еркін бағдарлануын қалай үйретуге болады;

– қандай кәсіби немесе кәсіби бағдарланғанға дейінгі жұмысты

оқушылардың сұранысына сәйкес қосымша білім беру арқылы ұйымдастыруға болады.

Осы сұрақтарға жауап бере отырып қосымша білім беру блогінің болжамды жұмыс кестесін мектептегі сабақ кестесімен және тәрбиелеу жұмысының жоспарымен байланыстыра отырып құрып көруге болады.

3-кезең – мектепте туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беруді ұйымдастырушылық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету.

Туристік, өлкетану және экскурсиялық жұмыс оқушылардың жас ерекшеліктері мен дара ерекшеліктерін ескере отырып әрбір мектепте жүзеге асырылады.

Оқушылармен туристік, өлкетану және экскурсиялық жұмысты ұйымдастырудың міндетті өзара байланыс жүйесін: пәндер бойынша оқу және өлкетану материалдарын пайдалана отырып, сабақтар; факультативті сабақтар мен пәндік үйірмелер; бағдарламалық және бағдарламадан тыс экскурсиялар; туристік серуендер, саяхаттар; көп күндік саяхаттар мен экспедициялар; туристік-өлкетану үйірмелері, секциялар, клубтар, қоғам және басқалар; туристік-өлкетану кештері, викториналар, конкурстар, жарыстар, слетттар, конференциялар, көрмелер мен мектеп мұражайын құрайды.

Экскурсия, туристік сапарлар, саяхаттар, экспедициялар оқу жылы ішінде және каникул уақытында жүргізіледі.

Туристік, өлкетану және экскурсиялық жұмысқа мектептің барлық педагогикалық ұжымы, оқушылар қатыса алады.

Мектеп басшылығы педагогикалық қызметкерлердің біреуін мектепте туристік-өлкетану жұмыстарын жүргізу үшін олардың келісімімен айқындауы мүмкін.

Осы педагогтің міндеттеріне: оқудан тыс уақытта туристік, өлкетану және экскурсиялық жұмыстар өткізу; оқытушыларды, вожатыйларды және басқа қызметкерлерді балалармен саяхатқа, сапарға және экскурсияға дайындау үшін олармен сабақтарды ұйымдастыру, туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымдарымен (Үйлер, Оқушылар сарайы, жас туристер станциялар мен базалары, науралистер және басқаларымен), басшылық жасайтын ұйымдармен, ата-аналармен әлеуметтік әріптестікті қамтамасыз ету, оқушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар арасында туризм және өлкетануды насихаттау кіреді.

Мектептің тәрбиелеу жұмысының жоспарында оқытушылар мен пән жүргізушілерді тарта отырып туристік саяхаттар мен экскурсиялар өткізуді көздеу.

Осылайша, мысалы, Орал қаласының мектептерінде өткізілетін Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының туристік-өлкетану бағыты бойынша жұмыс жоспарында мыналар көзделген.

Батыс Қазақстан облысының орталық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының қосымша білім беру педагогі С.К. Бисемалиева «Жас Дәурен» МҮ тәрбиеленушілерімен ТӨҚ құралдарымен тәрбиелеу жұмысын өзектендірудің оңтайлы жолдарын зерттеу» әдістемелік жұмысын өткізді.

Жұмыстың мазмұны

1. Бақылау
2. Сауалнамалық сұрау:
 - А) оқушылардан
 - Б) педагогтардан
 - В) әкімшілерден және басқа тұлғалардан

1. Тестілеу

2. Сұхбат

3. Әңгімелесу

Медициналық куәландыру нәтижелері

Зерттеудің мақсаты

Ерекше санатты ұсынатын оқушыларға – балалар үйлері мен интернаттардың тәрбиеленушілеріне тәрбиелік әсер етудің оңтайлы нұсқасын іздеу.

Зерттеудің міндеттері

1. Әдеби деректер және жинақталған озық педагогикалық тәжірибе бойынша балаларға – балалар үйлері мен интернаттардың тәрбиеленушілеріне «ерекше тәсіл» мазмұнын анықтау.

2. Оқушыларда туристік-өлкетану қызметіне, алдағы және қашықтағы перспективаға мәдени қызығушылық саласына оң қатынас қалыптастыратын педагогикалық әсер етудің барынша нәтижелі нысандары мен әдістерін жинау.

3. Мұндай контингенттермен жұмыс істейтін, сондай-ақ мектептен тыс мекемелерде үйірме жұмыстарын жүргізетін педагогтер

үшін ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдістері

1. Зерделеніп отырған проблемаға қатысты публикацияларға әдеби шолу.

2. Балалармен - балалар үйлері мен интернаттардың тәрбиеленушілерімен жұмыстың елеулі озық педагогикалық тәжірибесін жинақтау.

3. Балалар үйлері мен интернаттардың пелагогтерімен және басшыларымен контингентке кіретін әртүрлі жас топтарындағы оқушыларға тәрбиелік әсер ету ерекшеліктері туралы сауалнамалық сұрау, әңгімелесу және сұхбат.

4. Шағын топтар ішінде (психологиялық тесттерді қараңыз) көшбасшылықты анықтау бойынша әртүрлі тестілік әдістерді пайдалану.

5. Білім беру мектептерінің бағдарламалық материалдарын игере отырып салыстырмалы түрде туризм мен туристік техника бойынша икемділік пен дағдыларын игеру бойынша педагогикалық қадағалау және талдау.

Балаларға қосымша білім беру мекемелерінің жұмысындағы туристік-өлкетану бағыты бойынша заманауи педагогикалық технологияларға тоқтап отыр болсақ отандық және шетелдік тәжірибедегі, отбасылық және халықтық педагогикадағы ең құндыны жинақтаған олар балалардың білім алу процесін ұйымдастыру үшін ең тиімді тәсілдерді таңдап, балалардың өзара байланыс орнатуына, белсенділігі мен өзіндік дамытуын жүзеге асыруына ең жақсы жағдайлар туындатуға тырысады.

Қосымша білім беру жүйесі мекемелеріндегі білім және тәрбие беруді ұйымдастырудың заманауи үлгісі тұлғаны бағыттау талабына сәйкес жасалған, ол тұлға мен қоғамға қажетті қабілеттердің толыққанды дамытылуына жағдай туғызады. Аталмыш бағдарламалар тұлғаның әлеуметтік құндылықтарды қабылдап, түйсінуіне, өзіндік құндылықтарды анықтап, оларды сақтауға ұмтылуына, бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алып отыру мақсаттарына жетелейді.

Қосымша білім беру мекемелеріндегі білім беру процесі балалардың алуан түрлі әрекеттерін жүзеге асыру түрінде ұйымдастырылады; білім беру бағдарламаларын қаншалықты деңгейде

және уақытта игеруге қатысты еркін таңдау ұсынылады, білім беру процесі барысында әр түрлі жастағы балалардың өзара байланыс орнатуларына мүмкіндіктер туғызылған. Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған технологиялар тұлғаның ішкі дамыту механизмдерінің іске қосылуына мүмкіндіктер туғызады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары тарапынан пайдаланылатын туристік-өлкетану бағыты бойынша жаңа педагогикалық технологияларды сынақтан өткізу барысында белгілі болғандай, олар тұлғаның әлеуметтік ортамен байланысын қалыптастырушы бірден бір құрал болып саналады, өйткені адамның бойында белсенділік, жеке бас жауапкершілігі және коммуникативті қабілеттерінің ашылып, дамуына ықпал етеді.

Жаңа технологияны пайдалану тиімділігі ұстаздың берілген тәсілді тәжірибе жүзінде іске асырып қоюынан ғана емес, оқытудың белгілі бір мезетінде, белгілі бір мәселені шешу барысында, оқушылардың белгілі бір тобымен жұмыс барысында таңдалып алынған тәсілдің тиімді түрде жұмыс жасауында жатыр.

Әйтсе де ең бастысы – ұстаз өз жұмысын өзі сараптаудан өткізу қабілетіне ие болуы тиіс, өз кемшіліктерін ұғынып, оның себептерін анықтау және сол кемшіліктердің көзін жою мақсатында әдістер қолдану, яғни бұл ретте ұстаздың ең негізгі кәсіби қабілеттерінің қатарына сараптау қабілеті жатқызылады.

Сонымен жаңа технологияны білім беру процесіне енгізу кезінде ұстаздың бойында келесі қабілеттер болуы тиіс:

- ✓ Аталмыш технологияда қолданылатын білім беру әдістері мен тәсілдерін пайдалану;
- ✓ Жаңа технология принциптеріне құрылған сабақтарды өткізіп, сараптау;
- ✓ Балаларды жұмыстың жаңа түрлеріне үйрету;
- ✓ Педагогикалық диагностика тәсілдерін қолдана отырып жаңа технологияны тәжірибеге енгізудің нәтижелерін бағамдау.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында **туристік-өлкетану бағыты бойынша** орындалатын жұмыс жоспарына қатысты қатаң талаптың болмауы, балалар мен ересектердің ерікті ұйымдарындағы қатысушылардың бір біріне деген адами қарым қатынастары, балалардың шығармашылық және жеке тұлға ретінде еркін дамуы, олардың қызығушылықтарының өмірдің әр алуан салаларында көрініс

табуы аталмыш ұйымдардың тәжірибесіне жеке тұлғаны дамытуға бағытталған технологияны енгізуге мүмкіндік туғызады.

Жеке тұлғаның қажеттіліктерін дамыту негізіндегі педагогикалық технологиялар:

- Жеке тұлғаға бағытталған оқыту (Якиманская И. С.);
- Жекелей оқыту технологиясы (жеке жұмыс жасау, жекелей оқыту, жобалар әдіснамасы);
- Топтық оқыту тәсілі.
- Оқыту жүйесін бейіндеу технологиясы;
- Әріптестік педагогика («енгізу технологиясы»);
- Технология КТД;
- Технология ТРИЗ;
- Мәселелік оқыту;
- Коммуникативті технология;
- Бағдарламалық оқыту технологиясы;
- Ойын негізіндегі технологиялар;
- Дамыта оқыту технологиялары.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту (И.С. Якиманская) оқыту (қоғамның нормативті әрекеттерінің жиынтығы) және оқуды (баланың жеке ізденістері) біріктіреді.

Жекелей оқыту технологиясының мақсаты – өмір тәжірибесінің негізінде баланың жекелей таным қабілеттерін максималды түрде дамыту (алдын ала белгіленгендерді қалыптастыру емес).

Алдын ала ескерте кеткеніміз жөн, қосымша білім беру ұйымдары балалардың бойына әлдебір білімді күштеп енгізуден тысқары болулары тиіс, керісінше олар баланың қалыпты өмір жағдайларында әрекет етуге баулу, оның өз қабілеттерін дамытуға қажетті ортаны сайлап береді. Жекелей оқыту технологиясының мазмұны, әдістері мен тәсілдері әр баланың жеке бас тәжірибесін танып біліп, тұлғаның танымдық әрекетін жүйелеу арқылы әрбір баланың сәттілікке жетуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қосымша білім беру ұйымдарының жұмыстарындағы басты атап өтерлік жайт, олар ешқашан баланы оқуға мәжбүрлемейді, әрбір оқушы өзі өзі таңдаған пәннің мазмұны мен оқытылу ұзақтығын таңдау құқығына да ие болады. Бала бұл ұйымға сабақтан қолы бос кезде келіп, өзін қызықтырған мұғалім мен пәнді таңдайды да оқуын бастайды.

Педагогтың мақсаты – оқу материалын үлестіру емес, қызығушылықты ояту, әр оқушының мүмкіндік шегін анықтау, әр баланың танымдық, шығармашылық қабілетінің дамытылуына ықпал жасау.

Аталмыш технологияның талаптарына сәйкес әр оқушыға жеке оқыту бағдарламасы жасақталады, ол аталмыш оқушыға тән мінез бен жас ерекшеліктеріне негізделіп, баланың мүмкіндіктері мен даму динамикасына сәйкес өзгеріп отыруға бейін.

Жекелей оқыту технологиясында барлық білім беру жүйесінің ортасы ретінде – **баланың жеке тұлғасының өзінен төмен қарайтынын да айтпады.**

Балаларға қосмша білім беру ұйымдарында түрлендірудің келесі түрлері қолданылуы мүмкін:

- Біртүрлі құрамды оқу топтарын біріктіру;
- Таным мен қызығушылықтарына сәйкес деңгейлерге бөлу үшін топ ішінде түрлендіру;
- Балалар мен ата аналардың кеңестері, өзін өзі тану және диагностикалық бақылаулардың нәтижелеріне сәйкес жоғарғы сыныптарда балаларды салаларға сәйкес бөліп оқыту.

Түрлендіріп оқыту жүйесінде сабақтар өткізу технологиясы бірнеше сатылардан тұрады:

➤ **Бағыттау кезеңі (келісімді).** Мұғалім балаларға қалай жұмыс жүргізетіндіктері, не нәрсеге ұмтылып және қалай қол жеткізетіндіктері туралы ақпарат береді. Әр оқушы өз білімін жетілдіруге өзі жауапты болады, олар өздері жұмыс жасайтын оқу деңгейін өздері тандап алады..

➤ **Дайындық кезеңі.** Мұндағы дидактикалық мақсат – мотивацияны туындатып, оқушының бойындағы білім мен дағды түрлерін белсенді ету. Балаларға аталмыш тапсырманы не үшін жасау керектігі, ол өмірде қандай шақта және мақсатта қажет болатындығын түсіндіру қажет (басқаша айтқанда, «от алдыру» қажет). Бұл кезеңде кіріспе бақылау жұмысы жүргізілуі мүмкін. Дидактикалық – сабақ негізделуі тиіс материалдың барлығын оқушы жадында жаңғырту.

➤ **Негізгі кезең**– білім мен дағдыларды үйрену. Білім ақпараты қысқа және нұсқа, үлгілерге негізделе отырып беріледі. Бұдан кейін балалар өзіндік жұмыс пен өзара тексеру жұмысына кіріседі. Негізгі принцип – әрбір оқушы өзіне қажетті білімді өзі тауып меңгереді.

➤ *Қорытынды кезең* – ең үздік жұмыстар мен жауаптарды бағалау, сабақта өткенді жалпылай қайталау.

Білімді бақылау кезінде түрлендіру процесі тереңдей түседі де оқытуды жеке тұлғаларға бейіндеу процесіне ұласады, ол өз кезегінде балалардың жекелеген ерекшеліктері, оқу материалын игеру жылдамдығын есепке алатын әдістер мен тәсілдерден тұратын білім беруді ұйымдастыруға ұласады.

Білім беруді жеке тұлғаларға бейіндеу – балаларға қосымша білім берудің принципалды түсіндірмесі. Бұл кезде пайдаланылатын ұйымдастыру формалары мен мотивация берудің алуан түрлілігіне сәйкес балалардың жеке бас ерекшеліктеріне бағытталған тәсілдерді қолдану аталмыш жүйенің негізгі ерекшелігіне айналған .

Қосымша білім берудің басты мақсаты – мемлекет пен қоғам әсерінен жалпыға ортақ болған білім беруді жеке тұлғалардың ерекшеліктеріне сәйкес бейіндеу.

Білім беруді жеке тұлғалардың ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру технологиясы (бейіндік) – білім берудің бұ технологиясы кезінде жекелеген оқыту мен білім берудің жеке формасы басты мақсат етіп қойылады (Инге Унт, В.Д. Шадриков). Білім беруді жеке тұлғаларға бағыттау тәсілі көптеген өзге технологияларда пайдаланылады, сондықтан оны ортақ технология деп санайды.

Мектептерде оқытуды жеке тұлғаларға бағыттау мұғалім тарапынан іске асырылады, ал қосымша білім беру ұйымдарында мұны оқушының өзі жүзеге асырады, өйткені ол өзін қызықтыратын саланы ғана тандап, оқиды.

Жоғарыда көрсетілген нұсқауларға сәйкес балаларға қосымша білім беру ұйымдарында оқушылардың жеке бас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып оқытудың бірнеше нұсқаларын ұсынуға болады:

➤ Оқытуды бастамас бұрын балалармен сұхбаттар жүргізу, тұлғалардың мінез сәйкестіктерін анықтау арқылы бірбағытты оқу топтарын ұйымдастыру.

➤ Бірбағытты топты құру мүмкін болмаған жағдайда әртүрлі деңгейлі топтарды топшілік түрлендіру арқылы ұйымдастыру.

➤ Салалық оқыту, жоғарғы мектеп топтарында мұғалімдер мен ата аналардың кеңестеріне, оқушылардың жеке таңдауларына,

қызығушылықтары мен жетістіктеріне сәйкес жасақталған бастапқы кәсіби және салалық дайындық жұмыстарын жүргізу.

➤ Бағыттар бойынша жеке тұлға ерекшеліктерін есепке ала оқытатын бағдарламалар жасау.

Жеке тұлғалардың ерекшеліктерін есепке алып оқыту әдісінің басты ерекшелігі ол әрбір оқушының жеке бас ерекшелігіне сәйкес оқу бағдарламаларының түрін, мазмұнын, тәсілдері мен оқыту қарқынын икемдеп, оқушының жетістіктерін жекелей бақылау, қандай да бір қажеттіліктерге сәйкес бағдарламаны түзетіп, икемдеуге мүмкіндік береді. Бұл оқушының өз күшін үнемдеп жұмсап, жақсы жұмыс істеуіне, нәтижесінде жетістікке қол жеткізуіне алып келеді. Жалпылай білім беретін мектептерде аталмыш оқыту әдісі өте аз жүргізіледі.

Топтық технологиялар. Топтық технологияларды жүзеге асыру кезінде оқушылар өзара келісіп, бір бірін түсінуі қажет, тапсырманы орындау үшін өзара көмек көрсетіп, түзетулер енгізіп, ортақ жұмыс нәтижесін көрсетуі тиіс.

Топтық технологияның келесі түрлері болуы мүмкін:

- ✓ топтық сауалнама;
- ✓ білімді ортақ бақылау;
- ✓ оқу кездесулері;
- ✓ пікірталастар;
- ✓ диспуь;
- ✓ дәстүрлі емес сабақ түрлері (конференциялар, саяхаттар, пәнаралық сабақтар және т.б.).

Топтық технологияның ерекшелігі қандай да бір мәселенің шешімін табу мен тапсырманы орындау үшін топтардың ішінара топтарға бөлінуіне негізделеді; тапсырманы орындау кезінде топтың әрбір мүшесінің ізденісі көрінуі қажет. Тапсырманың түрі мен мақсатына сәйкес топ құрамы ауысып отыруы мүмкін.

Заманауи қосымша білім беру жүйесінде топтық технология өте көп мөлшерде пайдаланылады. Топтағы бірігіп орындалатын жұмыстардың түрлері төмендегідей:

- барлық топтармен бір мезетте жұмыс жүргізу;
- жұптармен жұмыс жасау;
- түрлендіру принципі арқылы топтармен жұмыс жүргізу.

Топтық жұмыс кезінде мұғалім алуан түрлі функцияларды орындайды: бақылау, сұрақтарға жауап беру, таластарды шешу, көмек көрсету.

Топтарда жұмыс жасау барысында оқушылар бір біріне білгенін үйретеді. Ауыспалы құрамда жұп болып жұмыс істеу барысында оқушылардың бойында коммуникативті және өзіндік жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Топтық технология келесі элементтерден құралады:

- оқу тапсырмасын анықтау және жұмыстың барысы туралы нұсқау беру;
- жұмысты топпен бірігіп жоспарлау;
- тапсырмаларды жекелей орындау;
- нәтижелерді талқылау;
- нәтижелерді жария ету;
- қорытынды шығару, жетістіктер туралы ортақ мәмілеге келу.

Топтық шығармашылық жұмыс жасау технологиясы.

Қандай да бір шығармашылық деңгейге қол жеткізу басты мақсаты болып табылатын технологиялар да бар. Қосымша білім беру жүйесінде ең жиі қолданылатын сондай технологияның бірі Топтық шығармашылық жұмыс жасау технологиясы (И.П. Волков, И.П. Иванов).

Технологияның негізінде ұйымдастырушылық принциптері жатыр:

- балалар мен ересектердің жұмысының әлеуметке пайдалылығы;
- балалар мен ересектердің бірлесе жұмыс жасауы;
- романтизм мен шығармашылық.

Технологияның мақсаттары:

- балалардың шығармашылық қабілеттерін анықау, түсіну мен дамыту арқылы олардың әрекетін нақты бір өнімді жасап шығаруға дейін жеткізу (жабдық, үлгі, шығарма, туынды, зерттеу жұмысы және т.б.)
- қоғамдық белсенді шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу мен оның әрекеттерінің нақты бір әлеуметтік жағдайларда халыққа пайдалы болуына септігін тигізу.

Аталмыш технологиямен жұмыс жасау барысында оның барлық қатысушылары кез келген жұмысты бірігіп жоспарлап, даярлап, жүзеге асырады және пайда болған нәтижелерді ортақ сараптаудан өткізеді. Балалардың жұмыс жасауының басты себебі өзін өзі жетілдіру мен өзіндік ойын айта білумен шартталады. Бұл кезде

жарыстар, бәсекелестік, өзге де ойын түрлері көптеп пайдаланылады. Топтық шығармашылық жұмыстар – адамдар тобына қызмет етуге бағытталған әлеуметтік шығармашылық түрлері болып табылады. Олардың мазмұнында – қандай да бір әлеуметтік қиын жағдайда тұлға өзін, досын, жақындары мен жалпы өзге де адамдарға қамқор бола білуге үйренеді. Алуан түрлі жас ерекшеліктері бар топтардың шығармашылық жұмысы ізденіс, ойлап табу мен әлеуметтік пайдалылығы бар әрекеттерді іске асырумен шартталады. Оқытудың негізгі әдістері – диалог, өзара тең әріптестердің әңгімелесу арқылы мәмілеге келуі. Басты әдіскерлік ерекшелік – тұлғаның субъекті позициясы.

Нәтижелерді бағалау – бастама идея үшін мадақтау, жұмыстардың жарияланымы, көрмелер, марапаттар, атақтар беру және т.б. Нәтижелерді бағалау үшін оқушылардың жетістіктері тіркеліп отыратын арнайы шығармашылық кітапшалары жарияланады.

Шығармашылық технологияның жас ерекшеліктері:

- Бастауыш сынып оқушылары: шығармашылық әрекеттің ойын формасындағы түрлері; шығармашылық өнер элементтерін тәжірибе жүзінде меңгеру; қандай да бір шығармашылық өнімдерді шығаруда өз үлесін қосу.

- Орта мектеп оқушылары: қолданбалы салалар бойынша шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыру (әр түрлі формада болуы мүмкін); музыкалық, спорт іс шараларына белсене араласу.

- Жоғарғы мектеп оқушылары: әлемнің жағдайын өзгертуге арналған шығармашылық жобаларды жүзеге асыру; зерттеу жұмыстары, шығармалар.

Шығармашылық технология сипаттамалары:

- Бала өзін еркін сезінетін шығармашылық топтар;
- Өзара бірігіп жұмыс жасау педагогикасы;
- Топтық жұмыс жасау әдістерін қолдану: миға шабуыл жасау, кәсіби ойын, шығармашылық пікірталас;

- Шығармашылыққа, өзіндік байламға келу мен өзіндік ойын жүзеге асыруға ұмтылу.

Топтық тәрбие беру, шығармашылыққа баулу жұмысының технологиялық таралымы (И.П. Волков, И.П. Иванов):

- Дайындық кезеңі (жұмысқа алдын ала дайындау мен пікір қалыптастыру – балалар қызығушылығын жоғалтып алмас үшін өте аз мерзім ішінде жүзеге асырылады).

- Психологиялық даярлық (жұмыстың мағынасын анықтау, тапсырмаларды бекіту, кіріспе сөз, сәлемдесу және т.б.).

- Топтық жоспарлау. Сұрақтарға жауап беретін «миға шабуыл» тәсілі түрінде ұйымдастыруға болады (Топ ішінара микротоптарға бөлініп, олар Қашан және қайда? Кім үшін? Қалай ұйымдастыруға болады? Кім қатысады? Кім басшылық жасайды? Деген сұрақтарды талқылап, оларға жауап табуға тырысады. Кейіннен әр топтың жауаптары ортақ талқыланып, ең жақсы жауап нұсқалары таңдалып алынады.).

- Жұмысты топпен бірігіп даярлау. Активтерді таңдап алу, міндеттерді бөлу, жоспарды нақтылау.

- Жұмысты жүргізу (жоғарғы мәдениетті деңгей). Жасалған жоспар бойынша жұмысты жүзеге асыру.

- Аяқтау, қорытындыларды шығару (жиын, дөңгелек үстел, шырағдан). Қолымыздан не келді? Нені орындай алдық? Неге? Жоспардың қандай бөлігі жүзеге аспады? Неге? Бұл жағдайды қалайша түзей аламыз? Деген сұрақтарға жауап іздеу?

- Топтық жұмыс нәтижелері.

«ТРИЗ» технологиясы. Шығармашылық педагогикасын әдетте «ТРИЗ» – *Шығармашылық мәселелерді шешу теориясы* (Альтшуллер Г. С.). арқылы да қарастырады. Ойлауды белсенді ету мен дамытудан тұратын аталмыш әмбебап әдіскерлік жүйе барысында бала әлеуметтік әне шығармашылық мәселелерді жеке өзі шешуге мүмкіндік алады.

Технологияның мақсаты – оқушылардың ойлау жүйесін қалыптастыру, алуан түрлі салаларда стандарттан тыс мәселелерді шешуге баулу, шығармашылық әрекетті жүзеге асыруға үйрету.

ТРИЗ технологиясының принциптері:

- Белгісіз мәселелер алдындағы психологиялық үрейдің болмауын қадағалау;

- Оқытудың гуманистік сипаты;

- Ойлаудың стандартты емес жүйесін қалыптастыру;

- Идеялардың тәжірибе жүзінде орындалуына бағытталуы.

ТРИЗ технологиясы әрбір жақсы даярланған маман өзіндік шешімдер мен жаңалықтар ашуға бейім болатын технология ретінде жасақталған. Технология авторының пікірінше, әрбір адамның бойында шығармашылық қабілет жасырынған. (біздің бәріміз әлдене ойлап

шығаруға бейімбіз). Оқытудың негізгі мазмұнында шығармашылық ойлау мен өнім жасап шығару жатыр.

Психологтардың бағамдауына, ТРИЗ технологиясы балалардың бойында келесі ойлау қабілеттерін дамытады:

- Сараптау, ойлау, негіздеу;
- Жалпылау, қорытындылар жасау;
- Өзгелерден ерекше және бейімделуге икемді болу;
- Қиял ойын белсенді түрде пайдалану.

Аталмыш әдісте көптеген жекелеген және топтық әдістер пайдаланылады:

- Эвристикалық ойын,
- Миға шабуыл,
- Топтық ізденіс.

Идеяларды мамандарды бағалаудан өткізеді. Олар алдымен ең ерекше, кейіннен орындалуы мүмкін идеяларды таңдап алады.

Ізденіс арқылы оқыту технологиясы (мәселелік). Оқыту барысында мұғалім оқушыларға қандай да бір шешімі жоқ мәселені ұсынады, оқушылар өздері осы мәселенің шешімін табуға тырысады, нәтижесінде балалар білім алып, қабілеттер мен дағдыларға үйренеді; оқыту процесі жаңа таным бағыттарын іздеу түрінде жүзеге асады. Бала жетекші ұғымдар мен идеяларды мұғалімнен дайын күйінде алмай, өзі жұмыс жүргізу барысында ұғынады.

Мұғалім мәселелік ситуацияны туындатады, оқушыларды сол мәселенің шешімін табу үшін топ ретінде ұйымдастырып, шешімдерді іздеу бағытын анықтап береді.

- Оқушы өз ізденісінің субъектісі позициясына бекітіледі, мәселенің шешімін өзі табады, нәтижесінде жаңа білімдерге қол жеткізіп, әрекеттердің жаңа түрлерін игереді.

- Аталмыш тәсілдің ерекшелігі идеялардың жүзеге асуы «ашылулар арқылы білімге қол жеткізу» арқылы жүргізілуінде жатыр: оқушы қандай да бір құбылыс, заң, заңдылық пен сұрақтың өзіне белгісіз шешімін өзі таба білуінде жатыр. Бұл кезде ол өзінің әрекетін жүзеге асыру үшін таным құралдарына сүйеніп, болжамдар құруы, болжамдарды тексеріп, дұрыс шешімге қол жеткізуі мүмкін.

Орал қаласы Туризм және экология орталығының қосымша білім беру педагогі С.К. Бисемалиевтің «Жас Дәурен» балалар кешенінің балаларымен сабақ өткізудегі жұмысын мысал ретінде көрсетеміз

Мақсаты – 1987 жылдан бері «ЖасДәурен» балалар кешенінің балалары мен туризмнен сабақтар өткізу бойынша жинақталған тәжірибе бөлісу болып табылады.

Оқу-тәрбие жұмысының аса маңызды бөлігі туризм және өлкетану болып табылады және ол өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оларды тұлға ретінде дамытуға ықпал етеді.

Оқушы тәрбиесінде туристік-өлкетану қызметі маңызды компонент болып табылатынын республикадағы туристік-өлкетану бойынша озық практика тәжірибесі көрсетіп отыр.

Туризмнің нақты пайдасы неде? Ең алдымен, жас туристің дені сау және шымыр болып өсуіне туризм зор пайдасын тигізеді. Туризм – дені сау және шыныққан адамды тәрбиелеудегі тамаша құрал. Ол гимнастика, күрес, бокс және басқа да спорт түрлері сияқты бұлшық етті дамытпайды, бірақ жас туристің денсаулығына көптеген адамдар қызыға қарайды. Аяғы су болып, жаңбырдың астында қалса да, желді күні далада жүрсе де оған қорқынышты емес. Ешқандай спорттың түрі туризм сияқты шынықтыра алмайды. Туризммен айналысу балаларға бірқатар аса қажетті дағдыларға, мысалы, дұрыс жүру дағдысына үйретеді. Көбі дұрыс жүріп үйренеді. Кәдімгі соқпақ жолмен 10 км – қолдан келе бермейтін міндет. Турист жүре алады.

Туризм – ой-өрісті кеңейту, табиғаттың сұлулығын тану құралы. Сондықтан жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін туризм мен өлкетануды көбірек пайдалану қажет.

Қоршаған ортаны тану және адамды тәрбиелеу үшін туризмнің зор әрі тиімді және қазіргі күні аз қолданылып жүрген мүмкіндік көзі екенін балалар туризмі мен көп жылдар айналысу көрсетіп отыр.

Облыстық балалар – жасөспірімдер туризмі және экология орталығында туристік үйірмелердегі оқушылардың бойында қажетті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру бойынша белгілі бір тәжірибе жинақталған.

Кез келген баламен жұмыс істеу үшін оны тани білу керек. Ата-анасыз тәрбиеленуші балаларға қатысты бұл одан көп есе маңызды. Баланың психологиясын, мінезін, адамдармен қарым-қатынасын, әлеуметтік мәртебесін мен басқа да психологиялық параметрлерді ескере отырып зерделеу тәрбие жұмысын тиісті жолға қою үшін қажет.

Сондықтан қазіргі заманғы жағдайда психология қызметі мен психологтың жұмысына аса мән беріледі.

Психикасы тұрақсыз, өмірлік жағдайлардан зақымдалған балалар ерекше психологиялық қамқорлықты және дара тіл табуды талап етеді.

ОБЖТЭО-да жас туристер тобымен жұмыс істеу психологиялық-педагогикалық диагностикадан басталады:

Балалар компьютер арқылы тестілеуден өтеді. Психологиялық-педагогикалық диагностика топтамасына:

А) мінезін айқындау;

Б) адамдармен қарым-қатынасын айқындау;

В) дауласушылық деңгейін анықтау;

Г) баланың әлеуметтік мәртебесін, яғни оның ұжымдағы орнын, көшбасшылығын, өжеттілігін, қандай да бір шағын топқа енуін айқындау тестілері кіреді.

Адамның эмоциялық көңіл-күйі.

Осылайша психологтың ұсынымдары мен қорытындыларын ескере отырып баланың психологиялық портретін жасауға, тәрбиелеу процесін қалыптастыруға болады.

Жорық мақсатын таңдау

Демалыс күнгі біркүндік немесе көпкүндік туристік жорықты ұйымдастыра отырып, біз әрдайым сөзбен сипатталуға тиіс мақсат қоя білуге және жорыққа қатысушылардың барлығының назарына жеткізуге тиіспіз.

Әртүрлі көп мақсаттар қоюға болмайды. Ең жақсысы – бір ғана мақсат қою. Жорыққа шығар алдында мысалы мынадай мақсаттар қоюға болады: ҰОС ұрыстары болған жерлерден өту, компаспен жүріп үйрену, сауықтыру, спорттық, танымдық шаралар, демалыс және басқалары.

Жорықтың мақсаты белгіленген жағдайда, қатысушылар жинақталады, яғни топ құрылады.

Жорықты ұйымдастырудың екінші тәсілін пайдалануға болады: алдымен жорыққа қатысуға ниет білдіруші қатысушыларды анықтау керек және тек содан кейін қатысушылар қол жеткізе алатын мақсаттарды белгілеу қажет.

Жорыққа шағын топты дайындаған дұрыс. Көп адамнан тұратын топ қолайсыз болады, километрге созылып, мұндай топты басқару қиынға соғады, оларды үйрету мүмкін емес.

Балалардың жас мөлшеріндегі айырмашылық 1-2 жылдан аспағаны жөн. 5-6 сынып пен 9-10 сынып оқушыларының физикалық мүмкіндіктері мен қызығушылықтары мүлдем басқаша болатыны түсінікті.

Маршрут дұрыс зерделеніп, ойластырылған болса, оның өтуі де жеңіл болады.

Жорықты ұйымдастыру

Маршрутты әзірлеген кезде күрделі кедергілерді сипаттау карталары мен схемаларын, жорыққа шығу жағдайлары, көлікпен жүру мүмкіндігі, жолдар мен өткелдердің жағдайы туралы және басқа да ақпаратты пайдалана отырып жорық ауданы туралы барлық қажетті мәліметтерді жинау керек.

Барлық дайындық жұмыстары ұйымдастырылған және жоспарлы түрде жүргізілуге тиіс. Бұл үшін жоспар жасалып, топ мүшелеріне міндеттер бөлініп беріледі:

1. Жорықтың жетекшісі.
2. Жорық жетекшісінің орынбасары.
3. Керек-жарақтарға жауапты адам.
4. Тамаққа жауапты адам.
5. Механик
6. Алау жағушы.
7. Штурман
8. Медик.
9. Фотосуретші.
10. Тілші.
11. Қазынашы.

Туристің керек-жарағы екінші неғұрлым маңызды бөлім болып табылады. Мұнда біз қажетті біліктер мен дағдылар көлемін қалыптастыратын мынадай білім көлемі туралы хабарлаймыз. Саяхат ойдағыдай өту үшін қатысушылардың арнайы керек-жарағы болуы тиіс. Туристік керек-жараққа қойылатын жалпы талаптар – олардың жеңіл, мықты, жарамды болуы. Керек-жарақ жеке және топтық болып бөлінеді.

Топтық:

1. Күркеше
2. Сақтануға арналған арқан
3. Тамақ дайындауға арналған ыдыс.

4. Балта.
5. Карта немесе егжей-тегжейлі схема.
6. Компас
7. Медқобдиша
8. Фонарь, майшамдар жәнесіріңке.
9. Жөндеу жиынтығы
10. Фотоаппарат, қалың дәптер.

Дара (жеке) керек-жарак

1. Рюкзак
2. Ұйықтауға арналғанқап
3. Қатты аяқ киім
4. Кружка, қасық, ыдыс, пышақ (КҚЫП)
5. Бас киім
6. Қосымша киім
7. Туалет керек-жарақтары

Жеке және топтық керек-жарак барлық қажет нәрсені алып, артық зат алмау сияқты ұсақ-түйекке дейін ойластырылған болуға тиіс.

Демалу немесе түнеу үшін дұрыс орын таңдау, алаңды жақсылап дайындау, күркеше тігу, алау жағу және лагерьдің табиғи апаттардан қауіпсіздігін қамтамасыз ету демалуды немесе түнеуді ұйымдастыруды білдіреді. Тандалған орын желден қорғалған болуы тиіс. Су алу үшін түсуге қолайлы, отын жеткілікті жерді таңдау ұсынылады.

Туристік лагерьді жалдау рюкзактарды орналастырудан басталады. Керек емес тамақтың қалдықтары бір жерге мұқият жиналып қойылады – бұл туристердің орман тұрғындарына сыйлығы.

Басқалай қоқыстар лагерь алаңынан мұқият жинап алынып өртеледі, одан соң оны жинап, алауды сөндіреді.

Жорық алдында жетекші топты сапқа тұрғызып, тексереді.

Тамақтану мәселесі жорықта маңызды орын алады. Тамақтану режимі жорықтың күрделілігіне байланысты. Күрделі емес жорықтарда: таңғы ас – 35%, түскі ас – 40%, кешкі ас – 25%

Жұмыс қорытындысы бойынша әңгімелесулер өткізіледі немесе газет шығарылады.

Балалар үйлері тәрбиеленушілерінің туристік-өлкетану және экологиялық қызметке қатысуы туралы айта отырып, біз облыс аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде жасалған жорықтарға қатысты көптеген мысалдар келтіре аламыз.

1989 жылдан бері тәрбиеленушілер Орал қаласы маңындағы 2-4 күндік жорықтар туралы айтпағанның өзінде көптеген іс-шараларға қатысты.

Біз мынадай жерлерге жорыққа шықтық:

- Орал – Чапаев жәнекері бағыт бойынша велосипедпен жорық, 8 күн, 250км, 1к.с.;
- Орал –Шалқар өзені – Чапаев – Орал бағыты бойынша велосипедпен жорық,350 км, 1 к.с.
- Орал –Шалқар өзені – Орал бағыты бойынша велосипедпен жорық(бірнеше рет)
- Орал-Рубежка (бірнеше рет)бағыты бойынша су жорығы, 100 км
- Батыс Тянь-Шаньдағы тау жорығы, 130 км, 10 күн, 1 к.с.
- Беларусь жеріндегі шаңғымен жорық 130 км, 8 күн, 1 к.с.
- Таулы Алтайдағы Бүкілресейлік балалар үйлері тәрбиеленушілерінің туриадасына қатысу.

- Алтай өлкесіндегі тау жорығы120 -130 км, 8 күн, 1 к.с.

Шымкент облысының тауларында өткен Халықаралық жаяу жүру туризмінің техникасы бойынша жарыстарға қатысу.

Осы жорықтар мен жарыстардың барлығында да біздің балаларымыз жақсы нәтижелер көрсетті.

Менің ойымша, үй балаларына қарағанда, біздің балалар шыдамды, төзімді және шымыр болып келеді. Көптеген мысалдар келтіруге болады.

- Қалыпсыз жағдайларға тап болған балалардың зор шыдамдылық танытуын айғақтайтын мысалдардың бірін келтірейік. Бірде үлкен жорыққа (Батыс Тянь-Шаньдағы тау жорығы, 1 к.с.) шыққан кезде біз әрбір адамға есептегенде қажетті тағам мөлшерін дәл есептей алмадық. Біздің балаларымыздың ешқайсысы, үйдің балалары сияқты тамақ ішкісі келіп, қатты шаршаса да, маған қатысты наразылық танытпай, қалыптасқан жағдайды түсінді, үй балалары болса қарсы сөйлеп, тіпті реніштерін білдірді.

Бұл жайтты мен үй балаларына жетіспейтін тәрбиелілік, қиындықтарға шыдай білу қабілеті мен арнайы шыдамдылық таныту нәтижесі деп бағалаймын.

Тағы бір мысал. 1991 жылы Таулы Алтайдағы Бүкілресейлік балалар үйлерінің тәрбиеленушілері арасындағы туриадаға қатыстық. Өртүрлі республикалардан 20 жуық командалар қатысты. Бағдарлама

бойынша 8 күн жорық және 8 күн жарыс болды. Барлық күндері жаңбыр жауып тұрды, біз құрғап та үлгермедік, бірақ бәрі де шыдады, жарыстар мен жорық айтарлықтай күрделі болғанына қарамастан, ешкім ауырған жоқ.

Тұжырымдар

Жоғарыда айтылғанның бәрі мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Балалар үйі тәрбиеленушілерінен тұратын және туризммен жүйелі түрде айналысатын оқушылар бірқатар жеке қасиеттері бойынша қағидатты ерекшеліктерге ие.

2. Арнайы психологиялық тесттердің және оның ішінде компьютерлік тестердің көмегімен жүзеге асырылатын оқушылардың әрқайсысын жеке тұлға ретінде психологиялық-педагогикалық жан-жақты талдаудың маңызы зор. Бұл өз құрбыларына, әсіресе жасы жағынан тең құрбыларына қатысты оқушылар арасында орын алатын қолайсыз құбылыстардың алдын алуда, оларды болдырмауда педагогтарға көмегін тигізеді.

3. Туризм оқушыларға қосымша білім беру мен тәрбиелеудің пәрменді құралы болып табылатынын ескере отырып, біз қолайсыз жеке қасиеттер мен құбылыстарды жоя отырып, осы әлеуметтік мәдени қызметке балалар кешені тәрбиеленушілерінің қызығушылығын алдағы уақытта да пайдалануға ниеттіміз.

Біздің педагогикалық жұмыс тәжірибемізде балалар үйлерінің тәрбиеленуші оқушыларымен осылайша жұмыс істеу түрінің оң рөлін растайтын көп мысалдар бар және оның барлығын «Жаяу жүргінші туризмі» туристік үйірмесінің бағдарламасынан көре аласыз.

Үйірменің тақырыптық жоспары

№ р/с	Сабақтардың мазмұны	Сағат саны		
		Теория	Практика	Барлығы
1	Өлкетану даярлығы	5	10	15
2	Топография және бағдарлану	8	12	20
3	Туристік керек-жарақтар	8	12	20
4	Жорықтағы туристік топ	8	12	20

5	Санитариялық-гигиеналық даярлық	8	10	18
6	Техникалық даярлық	10	20	30
7	Шаңғы тебу даярлығы	10	20	30
8	Экологиялық даярлық	5	10	15
9	Қауіпсіздік техникасы	8	10	18
10	Суда жүзу даярлығы	8	12	20
11	Жалпы дене шынықтыру даярлығы	8	22	30
12	Слет, сайыс, бұқаралық іс-шараларына қатысу:	8	22	30
13	Жорық алды жаттығулары	6	10	16
14	Жорық туралы есеп	4	2	6
	Барлығы:	104	184	288

Оқу материалы

1. Өлкетану даярлығы

БҚО және Орал қ. тарихы.

Приуральяның туристік мүмкіндігі, табиғатты және мәдени ескерткіштерді қорғау.

Орал қ. мұражайларына бару.

Жорық өткізуге арналған қызықты орындар.

2. Топография және бағдарлану

Топобелгілер, картаны оқу, көкжиек жақтарын айқындау, жергілікті жерде бағдарлану, азимутты айқындау.

Азимут бойынша қозғалу.

Арақашықтықты өлшеу, азимуттық шығыс.

Жергілікті жерде бағдарлану техникасы және тактикасы және оларды жетілдіру әдістері.

Техника және тактика туралы ұғым. Бағдарланушыларды оқыту және жаттықтырудағы техника мен тактиканың өзара байланысы. Спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізудегі техника мен тактиканың мәні. Жергілікті жерде бағдарлану негіздерінің техникасын уақтылы және толық игерудің мәні.

Бағдарланушылардың топографиялық даярлығының ерекшелігі. Карталардың алуан түрлілігі: топографиялық, спорттық. Олардың жалпы сипаттары мен ерекшеліктері. Топографиялық және спорттық

карталардың шартты белгілері. Жергілікті жер, оның жіктелуі, рельефтің суреті.

Картада және жергілікті жерлердегі арақашықтықты өлшеу. Көзбен өлшеуді дамыту. Рельефке, өсімдіктерге байланысты, сондай-ақ туристің физикалық және психологиялық жай-күйіне байланысты жергілікті жерде арақашықтықты өлшеу.

Компас. Сұйықтығы бар спорттық компаспен жұмыс істеу. Карта бойынша және жергілікті жерде азимутты алу техникасы. Азимут бойынша қозғалыс. Жергілікті жерде рельеф, жергілікті заттар, күннің көзі бойынша бағдарлану. Айналаны көзбен шолу әдісімен жай-күй нүктесін айқындау. Картаның ескіруін есепке алу. Бағдарды жоғалтқаннан кейін оны қайтадан қалпына келтіру. Бағдарланушылардың мамандандырылған қабылдау сезімі – арақашықтық сезімі, жылдамдық, қозғалыс бағытын дамыту. Жол және соқпақ жол бойынша: тегіс учаскелерде, жоғары көтерілетін жерлерде, төмен түсетін жерлерде кросстық жүгіруді дамыту.

Өтетін жерлері әртүрлі орманда, батпақ жерлерде, қатты және тас топырақты жерлерде қозғалу. Қиылысы қатты, тау-тасты жерлердегі қозғалыс техникасының ерекшеліктері. Кедергі келтіретін судан, өзендер мен арықтардан өту. Шаңғымен қозғалудың техникасы. Таныс емес жерлерде және бағдарлану бойынша жарыс барысындағы қозғалыс «тактикасы» ұғымы. Бағдарлану бойынша әртүрлі жарыстардағы арақашықтықтардан өту тактикасы. Бақылау пунктін іздеу. Бақылау пунктіне келу және одан кету. Бақылау пунктері арасындағы қозғалыс жолдарын таңдау және іске асыру. Азимут, рельеф бойынша сенімділікті, тәуекелді, басым қозғалысты белгілеу.

Күштерді бөлу. Сайыс барысында тактиканы өзгерту. Жеке және топтық сайыстар. «Қарсыласқа» әсер ету. Жеке және топтық сайыстардағы тактиканың ерекшеліктері. Топтық старт кезіндегі қозғалыстың ерекшеліктері. Шаңғыда бағдарлану, таңбаланған трассаларда, берілген бағыт бойынша қысқы сайыстарда, эстафеталарда арақашықтықтардан өту тактикасының ерекшеліктері.

3. Туристік керек-жарақтар

Жеке және топтық керек-жарақтар.

Алау және ас үй керек-жарақтары.

Туристің киімдері, керек-жарақты пайдалану.

Рюкзак, ұйқыға арналған қаптар мен палаткалардың түрлері.

Рюкзакты жазу.

Құрал-жабдықтар мен мұкаммал, табиғатты қорғау сабақтарын өткізу орны.

Бағдарланушы туристердің керек-жарақтары. Компас, планшет. Бағдарланушылардың киім-кешектері мен аяқ киімдері. Қосалқы керек-жарақтар. Жергілікті жерде оқу-жаттығу сабақтары мен сайыстарды өткізуге арналған мұкаммалдар мен құрал-жабдықтар. Спорттық карталар: даярлық, көбейту, сақтау. Бақылау пункттерінің құрал-жабдықтары: бақылау пункттерінің белгілері, компостерлер, хаттамалар.

Трассаларды таңбалау. Мәренің, карталарды беру пункттерінің старттық орындарын жабдықтау. Арақашықтықтар мен мәреден ақпарат: радиобақылау пункттерін жабдықтау, ақпараттық табло, қатысушылардың кеудесіне тағылатын нөмірлер, хатшылықтың жұмысын қамтамасыз ету. Оқу-жаттығу полигондары, оларды жабдықтау.

Жергілікті жерлердегі оқу-жаттығу сабақтарының карталарын, нысандарын басып шығару. Сабақ өткізудің қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету. Бақылау уақыты. Оқу жаттығу және бағдарлану бойынша сабақтар өткізу орындарында табиғатты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар.

Туристерді орналастыру. Старт орнын, мәрені, ортақ пайдаланылатын жерлерді жабдықтау. Ауыз су және шомылу орындары. Оқу-жаттығу жиындарын және сайыстарды өткізу кезеңінде дала лагерьлерін жабдықтау. Жергілікті жер мен өсетін өсімдіктер сипатына байланысты бақылау пункттерін орналастырудың ерекшеліктері. Таңбаланған трассаларды салу және жабдықтау.

4. Жорықтағы туристік топ

Бағдардағы қозғалыс тәртібі.

Туристік қатар. Қозғалыс режимі, қарқыны.

Жүріс күнінің режимі.

Бағыттаушы мен тұйықтаушының міндеттері.

Белдеу. Бивуак.

Саптық және жорықтық қадам.

Қадамдап жүруден жүгіруге және жүгіруден қадамдап жүруге көшу. Қадамдап жүру, жүгіру кезінде тоқтау. Қозғалыс жылдамдығын өлшеу. Алға, артқа, жан-жаққа жүру. Аяқтың ұшымен, өкшемен, табанның сыртымен, ішімен, тізені биікке көтеріп, жартылай отырып,

толық отырып, алға қарай еңкейіп, аяқты қиыстырып жүру. Әртүрлі жағдайларда және қолдарды қозғалта отырып, денені әртүрлі бағытта айналдыра отырып жүру.

Алға қарай, артқа қарай, оңға, солға жүгіру. Тізені биікке көтере отырып, аяқтың ұшымен, тік аяқты алға қарай көтере отырып, аяқты тік және жартылай бүге отырып жүгіру. Бағыт пен жылдамдықты өзгерте отырып жүгіру, қадамды жиілетіп жүгіру, оқыс тоқтап отырып жүгіру.

5. Санитариялық-гигиеналық даярлық

Туристің жеке гигиенасы. Жорықта тамақтану.

Жорыққа арналған медициналық қорапша.

Суық тию ауруларының алдын алу.

Жорық жағдайларында дәрігерге дейінгі көмек көрсету.

Улану, жылан шаққан кезде көмек көрсету.

Гигиена, денені шынықтыру, режим және туристің тамақтануы.

Гигиена туралы ұғым: дене жаттығулары мен спорт гигиенасы, оның мәні мен негізгі міндеттері. Еңбек, демалыс және дене шынықтыру және спортпен айналысу режимінің гигиеналық негіздері. Ұйқы гигиенасы. Ауыз қуысы гигиенасы. Тері, шаш, тырнақ күтімі. Аяқ күтімі. Дене гигиенасы, су процедураларының гигиеналық мәні (шайыну, сүртіну, бу моншасы, душ, шомылу). Киім-кешек және аяқ киім гигиенасы.

Тұрғын үй және сабақ оқу гигиенасы (температура, ылғалдылық, жарық, орынжайдың ауасын тазарту). Бағдарланушы туристің костюмі мен керек-жарақтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Жұқпалы аурулар туралы ұғым. Жеке және қоғамдық профилактика шаралары. Шынығу. Бағдарланушы туристер үшін шынығудың ерекше мәні. Шынығудың мәні, организмнің жұқпалы ауруларға қарсы күресі мен жұмысқа қабілеттілігін арттырудағы оның мәні. Шынығудың құралдары мен оларды қолдану әдістемесі.

Тамақтану. Қамтамасыз ету факторы ретіндегі тамақтанудың мәні. Денсаулықты сақтау және оны нығайту. Ақуыздарды, көмірсуларды, майларды, минералды тұздар мен дәрумендерді тағайындау. Тағамның калориялығы мен сіңімділігі туралы ұғым. Жас ерекшелігіне, жаттығу жүктемесі мен сайыстардың көлемі мен қарқындылығына байланысты бағдарлаумен айналысатындардың болжамды тәуліктік тамақтану нормалары. Шылым шегудің және спирт

ішімдіктерін ішудің туристердің денсаулығы мен жұмыс істеу қабілетіне зиынды әсер етуі.

Дәрігердің бақылауы, өзін-өзі бақылау, спорттық массаж, бастапқы көмек, жарақаттанулардың алдын алу, жаттығулар мен сайыстардағы бақылау уақыты.

Дәрігердің бақылауы, өзін-өзі бақылау. Спортпен айналысқан кездегі дәрігердің бақылауы мен өзін-өзі бақылаудың мәні мен мазмұны. Объективті деректер: салмақ, динамометрия, спирометрия. Дене шынықтыру ұжымдарының секцияларында дәрігердің бақылауын жүзеге асыру тәртібі. Әрбір алты ай сайын бағдарланушы туристерді медициналық куәландыру.

Өзін-өзі бақылаудың субъективті деректері, өзін-өзі сезіну, ұйқы, тәбет, жұмыс істеу қабілеті, көңіл-күй. Спорттық массаждың негіздері: массаждың негізгі тәсілдері: сипау, сылау, жұмсарту, соққылау, сілкілеу. Жаттығулар мен сайыстарға дейінгі және олардан кейінгі массаж. Массажға қарсы көрсетілімдер.

«Спорт формасы», қатты шаршау, шамадан тыс жаттығулар туралы ұғым. Шамадан тыс шаршаудың алдын алу шаралары. Жарақаттанулар туралы ұғым. Бағдарлану бойынша оқу-жаттығулар мен сайыстардағы жарақаттанулардың қысқаша сипаттамасы. Жарақаттанулардың себептері мен олардың профилактикасы.

Бастапқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету. Зақым алулар мен олардың түрлері. Жарақаттар, буынның созылуы, сіңірлер мен буындардың зақымдануы. Қан кету мен олардың түрлері. Буынды шығарып алу. Сүйектің зақымдануы: созылу, сыну. Жоғары температураның әсер етуі: күйіп қалу, күн тию, ыстық өту. Төменгі температураның әсер етуі: қалтырау, үсік шалу. Талып қалу, шок кезінде бастапқы көмек көрсету.

Қан кетуді тоқтатудың, таңудың, бастапқы шина салудың тәсілдері. Жасанды тыныс алдырудың амалдары. Зардап шеккен адамды тасымалдау. Бағдарлану бойынша оқу-жаттығулар мен сайыстардағы бақылау уақыты. Бақылау уақытын қатаң сақтау – іс-шараны сәтті өткізудің кепілі. Бағдарланушы туристерде ұжым алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

6. Техникалық даярлық

Палаткаларды орнату және шешу.

Рюкзакты жазу.

Алаулардың түрлері.

Тораптарды байланыстыру.

Аспалы және қатарлас өткел.

Траверс.

Тау баурайына көтерілу және одан төмен түсу, бөренеден, төмпешіктерден, сырықтардан өту.

7. Шаңғы тебу даярлығы

Шаңғылар және оларды жорықтарға дайындау.

Тегіс жерлерде шаңғымен қозғалу.

Қиылысқан жерлерде шаңғымен қозғалу.

Тежелулермен және айналымдармен түсу.

Сатылап және қиғаштап көтерілу.

Шаңғымен жүретін жол салу. Төтенше оқиғалар кезінде құлаудың тәсілдерін үйрену.

Шаңғы спорты. Шаңғымен ауыспалы және бір уақытта жүрудің тәсілдерін зерделеу. Орнында тұрып және қозғалыста айнарудың техникасын зерделеу. 3,5,10,15 және 25 км дейінгі арақашықтықта шаңғымен жүру. Таудан сырғанау. Айналымы әртүрлі баурайлардан төмен түсу және оған көтерілу. Төмен түсу кезіндегі айналулар және тежелу. Әдейі құлау.

8. Экологиялық даярлық

Іргелі экологиялық білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру.

Облыстағы (қаладағы) экологиялық ахуал және табиғатты қорғау қызметіндегі **ТКФ** рөлі.

ТКФ процесіндегі экологиялық зерттеулердің әдістемесі және алынған қорытындыларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі насихаттау жұмыстарында пайдалану.

9. Қауіпсіздік техникасы

Жорықтағы және қауіпсіздік негіздері сабақтарындағы тәртіп.

Кедергілерді жеңу кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Көліктегі қауіпсіздік шаралары және өзін-өзі ұстау қағидалары.

Өзін-өзі сақтандыруды ұйымдастыру.

Елді мекендерде күн күркіреген уақытта туристердің өзін-өзі ұстау қағидалары.

Жергілікті халықпен өзара қарым-қатынас.

10. Суда жүзу даярлығы

Су жорығы кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Суда өзін-өзі ұстау қағидалары.

Қайықты дайындау және оны пайдалану.

Суға батпауды қамтамасыз ету.

Құтқару құралдары. Қайықты суға тиеу.

Қайықты жөндеу.

Қайықты басқару.

25, 50, 100, 500 м арақашықтықта жүзу. Таңдап алынған жүзу түрін жетілдіру.

11. Жалпы дене шынықтыру даярлығы

Туристің физикалық қасиетін дамыту және жетілдіру.

Секіру, созылу.

Қолдың, аяқтың, дененің, мойынның бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.

Секіргіштермен, гантельдермен, гирлермен жаттығулар.

Спорт ойындары.

Қол және иық тұсының бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: әртүрлі бастапқы жағдайда (негізгі тұру, тіземен, отыру) қолдарды қозғалту – бұғу, жазу, айналдыру, жан-жаққа қолды сермеу, алға сермеу; қолды қозғалтуды аяндап жүрумен және жүгірумен үйлестіру.

Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен көтерілу, тізені, жамбас-сан буындарын бұғу; аяқты жан-жаққа сермеу; қолды жан-жаққа сермеу, серіппе сияқты аяқты бұғу; аяқтың әртүрлі қалпынан секіріп тұру; бір аяқпен және екі аяқпен алға, артқа секіру.

Мойын мен денеге арналған жаттығулар: алға қарай иілу, басты айналдыру және жан-жаққа бұғу; денені алға, артқа, жан-жаққа қозғалту, денені айналдыра қозғалту, денені бұғу; арқамен жатып тік және бүгілген аяқты көтеру, арқамен жатқан қалыптан жартылай отырған қалыпқа түсу; арқамен жату және бетті төмен қаратып жату қалпындағы аралас тірек жаттығулары.

Гимнастика. «Жаттығу» және «бой жазу» түріндегі заттарсыз жасалатын жаттығулар. Таңғы гигиеналық гимнастика жаттығулары. Акробатикалық жаттығулар: бір қалыпта тұру, дөңгелеу, айналу,

«дөңгелек» жасау және т.б. Гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар: қолды кезек-кезек және бір мезгілде қолмен ұстау және аяқпен басу арқылы өрмелеу, жартылай отыру, секіру, оң бүйірмен, сол бүйірмен тұрып және қабырғаға бетімен қарап тұрып аяқты сермеу, “бұрышты” ұстау. Орындықтан, орындыққа, орындық арқылы секіру. Орындықта жүру және жүгіру.

Заттармен жаттығу жасау: секіргіштермен, таяқтармен, соғатын доптармен, обручтармен, гантельдермен, штангілермен. Секіргіш арқылы бір аяқпен және екі аяқпен секіру. Таяқ әртүрлі қалыпта жатқан кезде иілу және айналу, таяқ арқылы секіру, иыққа және арқаға таяқ қойып жүгіру. Теннис добын отырып, тұрып, жатып, екі қолмен және бір қолмен лақтыру және ұстап алу, жүгіріп және жүріп бара жатып допты лақтыру, нысанаға дәне алысқа лақтыру.

Салмағы 1-4 кг доппен әртүрлі жаттығулар жасау: жан-жаққа сермеп қозғалу, жоғарыға лақтыру және айнала отырып және жартылай отырып, допты ұстап алу; әртүрлі қалыптан (отырып, тұрып, тізерлеп тұрып, арқамен жату, кеудемен жату) топ ішінде және жұптасып допты лақтыру; әртүрлі бағыттарда және әртүрлі тәсілдермен (екі қолмен кеудеден итеріп лақтыру, бір қолмен иықтан лақтыру, екі қолмен бастан асырып лақтыру, бастан, екі аяқтың ортасынан, бүйірінен лақтыру); допты лақтыру және бір және екі аяқпен (секіре отырып) оны тебу. Допты беру және лақтырумен эстафеталар. Гантель және штангілермен әртүрлі жаттығулар жасау. Штангіні көтеріп, жартылай отыру, оны жұлқып көтеру және итеру (штангінің салмағы туристің салмағынан 50-70 %).

Спорттық және қозғалыс ойындары. Баскетбол, футбол, қол добы 7:7, волейбол. Назар қоюға, ойшылдыққа, үйлесімге арналған қозғалыс ойындары. Кедергілерді еңсеру эстафеталары. Туристік кедергілер жолағын еңсеру.

12. Слет, сайыс бұқаралық іс-шараларына қатысу –
Спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бойынша.

13. Жорық алды жаттығулары

Сынақ жорығына дайындық.

Туристік дағдыларды бекітуге арналған демалыс күнінің жорығы.
Туристік керек-жарақтарды дайындау.

14. Жорық туралы есеп

- жорықтың қорытындысын шығару;
- материалды өңдеу;
- соңында есеп жасалады.

Балаларды қосымша білім беру жүйесіне біріктіру өз қызығушылықтары бойынша оқуды еркін тандауға, педагогтер мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір стилін қалыптастыруға, қоршаған ортадағы өмір мен адамдарға деген қамқоршылық қатынасты қалыптастыра отырып, жеке тұлғаны дамытуда индивидуалдық үрдістерді нивелирлеуге мүмкіндік береді.

Туризмнің ерекшелігі нақты айтқанда — белгілі бір «өмірдің бөлігінде» педагогпен және тәрбиеленушілермен бірге өмір сүру, мұнда жасөспірімдердің кәсіби ғана емес, ең алдымен жеке тұлғалық сапасы да маңызды рөл атқарады — өз-өзін бағалауға, яғни әлеуметтенуге ықпал етеді.

Туристік жорықтар ұйымдастыру нысаны, мақсаттары мен міндеттері бойынша спорттық, оқу-жаттығу және туристік экспедиция болып бөлінеді.

Жорық – бұл балаларды әлеуметтік қатынастар жүйесіне өз еркімен енгізудің және олардың осы қатынастардан тәжірибе жинақтауларының, адами қарым-қатынастардың қағидалары мен нормаларын ұйымдасып игерудің тамаша құралы. Туризммен айналысу және жорықтарға қатысу жасөспірімдердің өз-өздерімен, табиғатпен және қоғаммен келісімде және бейбітшілікте өмір сүруіне ықпал ететін өмірдің әмбебап құндылықтарын және мінез-құлық үлгілерін игерулеріне септігін тигізеді.

Спорттық жорықтардың мақсаты қиындықтардың белгілі бір санатының бағдарынан өту, белгіленген спорттық нормативтерді орындау болып табылады.

Туристік экспедиция жаңа аудандарды туристік игеру, керек-жарақтардың жаңа түрлерін сынақтан өткізу, жаңа техникалық тәсілдерді әзірлеу мақсатында ұйымдастырылады. Экспедицияларда мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымның (мекеменің) тапсырмалары бойынша өлкетану, медициналық-биологиялық, физиологиялық, геологиялық және өзге де зерттеулер жүргізілуі мүмкін.

Туристік экспедиция жұмыс (тапсырма) көлеміне байланысты бір немесе бірнеше дербес немесе уақыт бойынша бір күндік немесе көп

күндік объектіге (полигонға, қазбаларға, карьераға, бағдар учаскелеріне, елді мекенге және т.б.) барудан тұруы мүмкін. Экспедицияның базалық лагерін ұйымдастыру кезінде жергілікті билікпен және жер учаскелерінің (орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы кәсіпорны, жеке тұлға) иелерімен (пайдаланушылармен) осы лагерьдің орналасу орнын, ал ауыз су көздерін пайдалануды жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісу қажет.

Сабақтан тыс уақытта балалардың танымдық демалысын ұйымдастырудың аса маңызды қағидаттарының бірі, әсіресе туристік-өлкетану қызмет барысында сәтті жүзеге асырылатын қағидаттардың бірі тәрбие беру процесінің тұтастығы мен педагогикалық әсер етудің бірыңғайлығы қағидаты болып табылады. Бұл қызмет жас туристің жеке тұлғасының зияткерлік, эмоциялық және ерік-жігері аясына бір сәтте ықпал етуге, білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру процестерінің органикалық қосылуын жүзеге асыруға қабілетті.

Қазіргі уақытта тарихи-өлкетану бағытында балаларға қосымша білім беру саласында **“Біздің Отанымыздың астанасы – Астананы зерделейік”** атты өлкетану жобасы іске асырылуда.

Отанымыздың Астанасының қалыптасу және даму тарихын зерделеу арқылы Қазақстан Республикасының болашақ азаматының жеке тұлғасын тәрбиелеу және қалыптастыру мақсатында.

Жобаның міндеттері: елорда бойынша экскурсиялық тур ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтар негізінде мектеп оқушысы



тұлғасын дамыту және қалыптастыру, сондай-ақ жастардың бойында азаматтылық, Отан мен Елордаға деген патриотизм мен сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Бірінші Президент Мұражайына, ҚР Ұлттық мұражайына, «Астана-Бәйтерек» монументіне, Тәуелсіздік Сарайына, Бейбітшілік және Келісім Сарайына (Пирамидаға), Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығы жанындағы Мұражайға, жаңа Оқушылар сарайына, Сәкен Сейфуллин мұражайына бару, «Арман 3 D» кинотеатрына,

«Азия парк» СОСО, «Хан-Шатыр» СОСО кинофильм көру және басқалары көзделген бағдарлама әзірленді.

Экскурсия аяқталған соң оқушылар эссе түрінде елорда туралы өз пікірлерін білдіреді. Өлкетану жобасына қатысушылардың барлығына сертификаттар табыс етіледі.

(Өлкетану жобасын жүргізу қағидаларын ресімдеу үлгісі, 1-қосымша).

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталықтары туристік-өлкетану бағыты бойынша республикалық іс-шараларды жыл сайын өткізеді, осындай іс-шаралардың бірі – «**Менің**



Отаным - Қазақстан» атты Республикалық туристік-өлкетану экспедициясы топтарының слеті (Слет өткізу қағидаларын ресімдеу үлгісі, 2-қосымша).

Слет конкурстарына қатысу арқылы білім алушылар өз өлкесінің тарихы, мәдениеті, табиғаты туралы кітаптар мен педагогтардың әңгімелерінен ғана біліп қоймай, сонымен қатар белсенді тәсілдермен: жорықтарға, саяхаттарға, ғылыми экспедицияларға, экскурсияларға және т.с.с. қатысу арқылы зерделеу процесінде таныса алады. Слет өз Отанымен жан-жақты танысуға, өңірдің мәдени дәстүрлері мен салттарын жаңғыртуға, тарихи-мәдени және табиғи мұраны сақтап қалуға ықпал етеді.

Жастарды Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтың еңбек ету және әскери ерліктері өнегесімен тәрбиелеудің маңызы ерекше.

Балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына баулу, сондай-ақ мектеп оқушыларының бойында патриотизм мен азаматтылық сезімдерін тәрбиелеу мақсатында «**Салют, Победа!**» атты оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарының халықаралық өлкетану конкурсы өткізіледі (Өлкетану конкурсын өткізу қағидаларын ресімдеу үлгісі, 3-қосымша).

Бала және жасөспірім шағында оқушылар үшін алуан түрлі саяхаттар өткізу, өз елінің түкпір-түкпірімен, олардың тарихи, мәдени,

табиғи көрікті жерлерімен танысу неғұрлым шынайы немесе классиктер айтатындай табиғи түрдегі қызмет болып табылады.

Туристік лагерьде алуан түрлі туристік және техникалық құралдарды пайдалану: құзға өрмелеу, табиғи кедергілерді еңсеру, алуан түрлі аспаптармен және механизмдермен жұмыс істеу туристік жорықта тартымды қатысу факторын қалыптастырады.

Жорықтағы бүкіл оқу-тәрбие жұмысы толықтай өзін-өзі басқару негізінде құрылып, дамыған әкімшілік және зерттеу құралдары арқылы ұйымдастырылады. Балалардың туристік жорықтары мен экспедициялары спорттық туризмдегі нағыз зерттеу экспедициясына ұқсайтын нысанда өткізіледі.

Мысалы, жорық кезінде жаңа табиғи ауданды зерделей отырып балалар ауа-райын бақылайды, геологиялық құрылысты сипаттайды, өсімдіктерден гербарий жинайды, гидрологиялық және фенологиялық байқаулар жүргізеді, флора мен фаунаны сипаттайды. Бұл өз кезегінде сабақта алған білімдерін бекітуге және нақтылауға ықпал етеді.

Балалардың таудағы жазғы демалысы оқу жылын қорытындылап қана қоймай, оқушылардың жыл ішінде алған білімдерін практикада толығымен пайдалануына мүмкіндік туғызады.

Басқа демалу түрлерімен салыстырғанда, жай демалу мен сауық құру ғана емес, сондай-ақ алда болатын жұмыс, жаңа, мүлдем таныс емес нәрселермен танысу туристік-өлкетану қызметін балалар үшін неғұрлым тартымды әрі қызықты етеді.

Мәселен, Астана қаласының «Жас туристер станциясы» ММ тәрбиеленушілері күрделілігі жағынан I санатқа жататын Жоңғар Алатауына туристік жаяу жорыққа шықты.

2014 жылғы 1 - 7 тамыз аралығында «Жас туристер станциясы» ММ, Астана қаласының бір топ туристері шыққан күрделілігі I санатты Жоңғар Алатауына туристік жаяу жорық туралы ЕСЕП.

Маршруттық кітапшаның № 20-14

Топтың жетекшісі: Васильченко А.В. (8 707 566 30 83, Астана қ., Республика даңғылы, 26/1, 406-пәтер)

Маршруттық-біліктілік комиссия есепті қарап, жорық барлық қатысушылар мен топ жетекшісіне I санаттағы күрделі жорық деп есептелінуі керектігін тұжырымдады.

Жорықты ұйымдастыру басталғанға дейін оқушылар 2013 жылғы қыркүйектен бастап бір жыл бойы Астана қаласының «Жас туристер станциясы» ММ жанындағы үйірмелерге барды.

Осы кезең аралығында олар теориялық және практикалық даярлықтан өтті, кейбіреулері «Жас турист» және «Қазақстан саяхатшысы» төсбелгілеріне норматив тапсырды. Жас туристер «Батыр» туристік шатырлы лагері жағдайында Ерейментау ауданы бойынша күрделілігі әртүрлі дәрежедегі жаяу жорықтарға шықты. Оқу-жаттықтыру жиындарына шығып, сондай-ақ жаяу, су, шаңғы және тау туризмі бойынша өткізілген слеттер мен жарыстарға қатысты.

Кросстар, денешынықтыру жаттығулары тұрақты түрде жүргізіліп, сақтану, өздігінен сақтана білу тәсілдері пысықталды.



Жорықтарда,

сондай-ақ әртүрлі жарыстарда қатысушылар арасындағы топтағы өзара қарым-қатынастарға, олардың психологиялық үйлесімділігіне, бір-біріне үйірлігіне көңіл бөлінді. Наурыз айынан бастап топ саяхат жасалатын ауданмен таныса бастады, шілдеде әрбір қатысушыға өз міндетіне қатысты тапсырма берілді. Барлық қатысушылар керек-жарақтар, дәрілік қобдиша, жөндеуге арналған жиынтық, азық-түлік дайындап, жорыққа шығатын аудан туралы әдебиетпен, өсімдіктермен, жануарлар әлемімен танысты.

Маршруттың толық сипаттамасы

1.08.2014 – Черкаскаңғарынан 2233,8 шыңы маршруты бойынша жорыққа шығу. Осы шың ауданында түнедік.

2.08.2014 – 2233,8 шыңынан Ақтөбе тауы бағыты бойынша шығу. Түнеу.

3.08.2014 – одан әрі Аршалы шатқалынан 2514 және 2405 шыңдарының жанымен Жанбас аяқжолына шығып, ол жерден Көксу өзеніне қарай төмен түстік. Түнеу.

4.08.2014 – Көксу өзенінен оң жақ жағалаумен көпірге дейін жоғары қарай жылжыдық. Көпір арқылы Ерменсай өзеніне шығып, тайыз жерге дейін өзеннің сол жағымен, тайыздан өткен соң оң жақ боймен жүрдік. Орманды жерде түнедік.

5.08.2014 – түнеген жерден кері бағытқа бұрылып, көпірге дейін жеттік. Түнеу.

6.08.2014 – өзеннің оң жағымен төмен қарай Көксу арқылы көпірден шығу. Сахайсаз шатқалының маңына түнеу.

7.08.2014 – маршруттың қалған бөлігінде Сахайсаз шатқалынан Рудничный елді мекеніне дейін жүрдік.

Бүкіл маршрут бойы бұлақтар, таза тау суы ағып жатқан арықтар жиі кездесті. Отынға ағаш бұл ауданда көп болды, бірақ оттық керек болуы мүмкін.

Қозғалу әдістері

Астана қ. – Алматы қ. – поезд

Алматы қ. – Талдықорған қ. – поезд/бағдарлық микроавтобус

Талдықорған қ. – Черкасск аңғары («Жоңғария» спорттық-туристік лагері) – лагерь бастығымен алдын ала уағдаласу бойынша ГАЗ-66 машинасымен жету. Талдықорғаннан Текеліге жетіп, аңғарға дейін жаяу көтерілу жолы да бар, бірақ көтерілуге көп уақыт кетеді.

Черкасск аңғары – 2233,8 ш. – жаяу – 7 км

2233 ш. – Ақтөбе тауы – жаяу – 20 км

Ақтөбе тауы – Көксу өзені – жаяу – 20 км

Көксу өзені – Ерменсай өзені (екінші аяқөткел) – жаяу – 26 км

Ерменсай өзені – Көксу өзені арқылы өтетін көпір – жаяу – 15 км

Көксу өзені арқылы өтетін көпір – Сахайсаз шатқалы – жаяу – 21

км

Сахайсаз шатқалы – Рудничный елді мекені – жаяу – 21 км

Рудничный елді мекені – Талдықорған қ. – автобус/такси

Талдықорған қ. - Алматы қ. – поезд/бағдарлық микроавтобус

Алматы қ. - Астана қ. – поезд

Жорық туралы анықтамалық мәліметтер

1. Өткізген ұйым: Астана қ. «Жас туристер станциясы» ММ
2. Өткізілген орны: ҚР, Жоңғар Алатауы
3. Туризмнің түрі: тау туризмі
4. Жорықтың күрделілік дәрежесі: Ісанат

5. Жорықтың ұзындығы: 130 км
6. Өткізілу мерзімі: 2014 жылдың 1-7 тамызы
7. Маршруттық кітапшаның нөмірі: №20-14
8. Маршруттың толық жүру жолы: Черкасск аңғары -2233,8 ш. -Ақтөбе тауы–Аршалышатқалы –Жанбас аяқжолы -Көксу өзені- Ерменсай өзені-Көксу өзені– Рудничный е.м.

9. Маршруттан авариялық шығулар және оның басқа да қосымша жолдары:бүкіл маршрут бойынша киіз үйлер кездеседі, киіз үй тұрғындарының көліктері бар. Көксу өзені арқылы өтетін көпір аумағында орманшының үйі, сондай-ақдемалыс үйлері бар. Көксу өзенінің бойымен өтетін жолмен жүруге болады, машиналар жиі кездеседі.

10. Маршрутты өзгертулер және олардың себептері:жорық Сатылы өткеліне шығумен жоспарланған болатын, бірақ топқа қатысушылардың біреуінің денсаулығы нашарлауына байланысты 5 тамызда түнеген жерден кері қайту туралы шешім қабылданды.

11. Топтың тізімі:

№	Т.А.Ә.	Туған күні	Ауданды көрсете отырып туристік тәжірибесі	Топтағы міндеті	Үйінің мекенжайы, байланыс телефоны
1	Васильченков Александр Вячеславович	7.07.1972	Рудный Алтай су бойынша жорықтарының жетекшісі	Жетекші	Республика д., 26/1, 406-п.
2	Швайдюк Марина Анатольевна	5.01.1986	Ерейментау ауданы бойынша дала жорықтарының жетекшісі	Жетекшінің орынбасары	Мичурин кенті, Бақанас көшесі,23
3	Копейко Виталий Максимович	19.09.2003	ЖТС, Астана	Жөндеу шебері	Магнитогорская көшесі,10/1-үй
4	Данелюк Владимир Петрович	18.05.2000	ЖТС, Астана	Жылнамашы	Есенберлин көшесі, 13/1, 19-п.
5	Тлеубергенов Мирослав Николаевич	29.05.1999	Ерейментау ауданы бойынша жорықтарға қатысушы	Фотограф	Можайский көшесі, 45, 15-п.
6	Кирпичев Иван Николаевич	3.11.2000	Ерейментау ауданы бойынша жорықтарға	Медик	Суворов көшесі, 14, 7-п.

			қатысушы		
7	Белый Даниил Юрьевич	8.02.2002	ЖТС, Астана	Жөндеу шебері	Беляков қиылысы, 3/1-үй
8	Сенотрусов Вадим Сергеевич	6.05.2000	ЖТС, Астана	Шаруашылық меңгерушісі	Дулатов көшесі, 158-үй, 3-п.

Жорық ауданының жалпы географиялық және туристік сипаттамасы

Жоңғар Алатауы—бұл Қазақстанның шығыс бөлігіндегі таулы жүйе, Жоңғар таулы жүйесінің солтүстік және солтүстік-батыс жалғасы. Ол солтүстікте Алакөл қазандығы мен оңтүстікте Іле өзенінің арнасы арасындағы ендік бағытта орналасқан. Оның ұзындығы 450 км, ені - 100-200 км. Жоңғар Алатауы батыста Көксу өзенін, шығыста— Боротал өзенін кесіп өтеді. Бұл екі бөлік екі үлкен тау жотасын құрайды: Солтүстік және Оңтүстік Жоңғар Алатауы. Жоңғар Алатауы таулы жүйесінің негізгі бөлігі Қытайда орналасқан, ол Үрқашар және Жайыр сияқты биік тау жобаларынан тұрады (2500 м). Қазақстан шекарасына жақын жатқан аумақтарда Үрқашар Барлықтау (3300 м) тауымен жанаса отырып жалғасады. Жайыр және Майлы деп аталатын аласа тауларға ауысады. Бұл тау жобаларының арасында тектоникалық қозғалыстың нәтижесінде қалыптасқан кең алқапты ойпат орналасқан. Кейбір жерлерінде ол батпақты болып келеді, құрақ көп өскен, басқа жерлерінде құрғақ далаға айналады. Тау алқаптарында шағын тас үйінділер көп. Жергілікті халық оны құрым(тас үйінді) деп атайды. Ойпат Эби-Нұр көлінің қазандығын Алакөл қазандығымен біріктіреді. Бұл табиғи өту жолы Жоңғар қақпасы деп аталады. Ерте дәуірден



бастап бұл қақпа Шығыс Еуропаны Азиямен, Қазақстанмен байланыстыратын керуен жолы болған. Сол жолмен Жібек жолы, моңғол жаулап алушыларымен Шыңғысхан әскерлері өткен. Жоңғар Алатауының қазақстандық бөлігі осы қақпаның батыс жағынан басталады. Бұл жерден Қытай мен Қазақстанның арасындағы мемлекеттік шекара өтеді. Бұл жерлерде Жоңғар Алатауы құрылымы ассимметриялы алып тау жотасына айналады. Ол екі қатарлас басты жотадан тұрады. Оларды Көксу өзені бөліп жатыр. Солтүстік тау жобасының ең биік нүктесі - Бесбақан (4622 м), ал оңтүстік жота нүктесі Мұзтау (4370м). Тянь-Шаньмен Алтай арасында орналасқан бұл бірегей табиғат бұрышына екі таулы жүйенің ерекшеліктері тән. Бұл жерден басқа ешбір жерден кездеспейтін жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін кездестіруге болады.

Маршруттың техникалық сипаттамасы Қозғалыс кестесі

Күн Жолдар	Күні, айы	Бір күндегі маршрут учаскесі	Ұзын дығы	Таза жүру уақыты	Жолдың сипаттама сы	Метео жағдайлар
1	1.08.	Черкасск аңғары – 2233 ш.	7 км	5 сағат	Жол, биікке көтерілу құлдилығы 45 дейін	күн ашық
2	2.08.	2233 ш.– Ақтөбе қ.	20 км	6 сағат	Шөпті бөктерлер, жол	күн ашық
3	3.08.	Ақтөбе қ. – Көксу өз.	20 км	8 сағат	Биіктіктер кей жерлерде аласаратын жол, кейбір жерлерде тік жарқабақта ры бар аяқжол, шөп өскен жолмен төмен түсу	күн ашық
4	4.08.	Көксу өзені – Ерменсай	26 км	7 сағат	Жол, екінші	күн ашық

		өзені (екінші аяқөткел)			аяқөткел	
5	5.08.	Ерменсай өзені – Көксу өзені арқылы өтетін көпір	15 км	5 сағат	Жол, екі аяқөткел	күн ашық
6	6.08.	Көксу өзені арқылы өтетін көпір –Сахайсаз шатқалы	21 км	8 сағат	Жол	күн ашық
7	7.08.	Сахайсаз шатқалы - Рудничный елді мекені	21 км	8 сағат	Жол	күн ашық

* Таулы жерді ескере отырып, километраж 1,2 коэффициентіне көбейтіледі



Туристік-өлкетану қызметінің клубтық қызметі және оқушылардың коммуникативтік қасиеттерін қалыптастыру мен дамытудағы оның мүмкіндіктері

Қазіргі заманғы педагогика клубты оқушыларды біріктіру нысандарының бірі ретінде қарастырады.

Клуб – оқушыларды жан-жақты дамыту мақсатында және мектеп оқушыларын клубтың жұмысына жаппай тарту үшін бірлескен сабақтар өткізу және бос уақыттарын бірге өткізу үшін құрылған қызығушылықтары бір оқушылар бірлестігі. Клубтың басқа балалар бірлестіктерінің түрлерінен айырмашылықтарын мынадай қағидааттармен көрсетуге болады:

- клуб мүшелерінің жас мөлшері әртүрлі;
- клуб қызметін регламенттейтін Жарғының болуы;
- сайланбалы алқалы орган – Клуб кеңесі басшылық етеді;
- бірнеше секциялардың, топтардың болуы;
- клубтың басқалардан ерекшеленетін айрықша атрибуттары: рәмізі, дәстүрлері, нысаны және басқалары.

Жасөспірімнің клубта ұжымдық ортаға өтуі үшін **төрт сатыдан** өтуі болжанады.

Біріншісі және сыртқы әрі міндетті емес саты (аниматордың «тарту және ұстап қалу» міндетімен байланысты) – оның құрбыларымен тілдесе білуіне, қызықтыратын сабағы немесе бос уақытта



ойнайтын ойынына негізделіп айқындалады. Бала клубқа жай кіре салуы мүмкін. Егер клубтың атмосферасы оны қызықтырмаса, егер аниматор жұмыс істемесе, ешнәрсе қызықтырмай ол кете береді. Кездесулер клубы сияқты бұл да клубтылықты білдіреді.

Екінші саты неғұрлым маңызды: бала клубқа «өз» құрбыларына, топқа – жобалық идея мен оған қол жеткізу бағдарламалары үшін келеді. Мұнда барлығы ұжымдық істерді ұйымдастырушының кәсіби

шеберлігі мен ұжымдық шығармашылық істерге, қызығушылыққа және қызықтыратын жағдайлардың болуына байланысты. Бұл қызығушылығына қарай біріктіретін клуб.

Үшінші клуб—топтың қызығушылықтарынан басқа нәрселер қызықтыратын және адами қатынастар үшін нәтижелерге бағдарланатын бір біріне қамқорлық жасайтын адамдар клубы. Бұл қоғамдастық клубы.

Төртінші клуб—бұл көп бейінді мекеме, мұндағы жұмыс мектеп бағдарламасындағыдай құрылады, ал контингенті – прагматикалық бағдарланған балалар, жасөспірімдер, жастар. Ұжымдылық мұнда шектеліп бөлінеді (оқу класындағыдай) немесе жалпы нәтиже перспективасымен – жаттықтырушымен, педагогпен, командамен, жеңіске жету перспективасымен ынтымақты түрде бірігеді.

Туристік-өлкетану қызметінің негізінде ұйымдастырылған және салыстырмалы түрде шектелген социумға бағдарланған клубтар – шығармашылық бірлестіктер әртүрлі болмыстарды қамтитын бірлестіктерді білдіреді, өйткені оларға жоғарыда аталған функциялардың барлығы тән.

Жасөспірім шағында бала өміріндегі басты қызмет коммуникативтік қызмет болып табылады, бірінші кезекте ол өз құрбыларымен тілдесе отырып жасөспірім өмір туралы қажетті білім ала бастайды. Жасөспірім үшін өзі мүшесі болып табылатын ұжымның ол туралы пікірі аса маңызды. Белгілі бір топқа жату фактісінің өзі оның сенімділігін арттыра түседі. Жасөспірімнің топтағы жағдайы, ұжымда болу арқылы меңгеретін қасиеттері оның мінез-құлқына айтарлықтай ықпал етеді. Жасөспірімнің топтан бөлектенуі – қауіп тудыратын жағдай және аса алаңдатушылық факторы болып табылады.

Мыналар:

а) өзіне мәлім білім мен дағдыны, шешім нұсқаларын, тілдесу тәсілдерін нақты жағдайлардың ерекшелігіне сай ауыстыра отырып, жаңа жағдайға ауыстыра білу біліктері;

б) коммуникативтік жағдайда жасөспірімнің белгілі идеялар, білім, дағдылар, тәсілдер комбинациясынан шешімдер таба білуі;

в) нақты коммуникативтік жағдайды шешу үшін жаңа әдістер ойластыру және жаңа тәсілдер құрастыру біліктері жасөспірімдердің бойында коммуникативтік біліктерді қалыптастыру мен дамытудың ерекше бөлімі болып табылады.

"Мен" субъективті бейнесі көп жағдайда айналасындағылардың пікіріне байланысты қалыптасады. Өзін-өзі бағалау өзіндік сананың міндетті құрамдауышы болып табылады, жасөспірім белсенді түрде әртүрлі әлеуметтік рөлдерді өзінде "байқап көреді", әрбір жаңа жағдайға тән талаптарды, мүмкіндіктер мен құқықтарды айқындайды, бірақ проблемалы өмірлік жағдайларда олшешімдер қабылдауда өзіне жауапкершілік алмауға тырысып, ересек адамдар тарапынан көмек күтеді. Жасөспірімдер үлкендерден ақылды кеңестер күтуге құқылы, бұл ретте өзара сенім қажет. Олар өздерімен шынайы сеніп сөйлеспейтін үлкендерге сене алмайды. Олар көбіне адалдық пен шынайылықты бағалайды.

Дамыған балалар-жасөспірімдер ұжымы жеке тұлғаның коммуникативтік қасиеттерін қалыптастыру мен дамытудың қажетті шартын білдіреді. Оған мақсаттардың ортақтығы мен қоғамның пайдасына бағытталған пәндік-практикалық бірлескен қызмет уәждемелерінің барабарлығы, ортақ нәтижені ойлау, тілдесудің белгіленген ұйымдастырылуы мен сипаты, ұжымдық байланыстардың ауқымды жүйесі тән. Жасөспірімдердің оқу, қоғамдық, еңбек, көркем қызметін, спорттық және басқа да қызметін мақсатты бағдарлау процесінде олардың өзара қарым-қатынастарындағы неғұрлым дамыған нысандар қалыптастырылады. Бұл ретте жасөспірімдер қызметінің негізгі түрлеріне белгілі бір бағыт беру жасмөлшеріне қатысты топтардың ішінде жасөспірімдердің қатынастарын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар осы қатынастарды бірыңғай негізде құруға мүмкіндік береді. Жасөспірімдердің өз бетінше туризмін барынша дамыту дамыған ұжымның белгісі болып табылады.

Бұл:

а) әртүрлі жастағы жасөспірімдер ортақ міндеттің жекелеген бөліктерін орындайтын, яғни жасына қарай бөлу жүзеге асырылатын;

б) бұл қызметтің маңызды мақсаттарының қоғамдық, сол сияқты жеке мағынасы болатын;

в) әрбір жасөспірімнің тең құқылы, бастамашылық-шығармашылық ұстанымы (істерді жоспарлаудан бастап оның нәтижелерін бағалауға дейін) қамтамасыз етілетін;

г) бірлескен қызметтің үздіксіздігі мен күрделілігі жеке қызмет бағытында ғана емес, сондай-ақ, ең бастысы, алдымен ұжым үшін, кейін аудан, қала, қоғам үшін әрекет ететін оның белсенді қатысушысының позициясынан жүзеге асырылатын;

д) қызметі басқа адамдардың, қоғамның игілігіне бағытталған ұйым болуға тиіс.

Әлеуметтік тұрғыдан қолдау табатын осы дамыған қызмет нысандарында жасөспірімнің басқа адамның қызығушылықтарын, ұстанымын ескере білу білігі және осыған байланысты өз мінез-құлқында бағдарлана білуі қалыптасады.

Астана қаласының «Эдельвейс» жас туристер станциясы базасындағы альпинизм клубының жасөспірімдер ұжымы жан-жақты жүйені білдіреді, осы жүйедегі балалар мен жасөспірімдер сипаты мен ұзақтығы жағынан әртүрлі бірлестіктердің мүшелері бола алады. Тұрақты және уақытша бірлестіктердің өзгеріп отыратын құрылымында жасөспірімдер арасында қалыптасатын өзара қатынастар сипаты маңызды рөл атқарады, ол алуан түрлі байланыстардың, қатынастардың ауқымды желісін құрумен, жолдастарына басшылық жасау мен жолдасына бағыну біліктерін қалыптастыра отырып клубқа қатысушылардың барлығын басшылар мен орындаушылардың жағдайынан өткізуді білдіреді. Қысқаша жұмыстарды орындау тапсырылатын жасөспірімдердің шағын топтарындағы қызметті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін уақытша бірлестіктерді мақсатты түрде құру ұжымаралық байланыстарды нығайтуда ерекше орын алады.

Қорытынды

Жалпы білім беретін мекемеде жалпы және қосымша білім беруді интеграциялау құралы туристік-өлкетану қызметі болып табылады, ол оқыту, танымдық, дамытушы, тәрбиелеу және сауықтыру әлеуетіне ие; жалпы білім берудің практикаға бағдарланған функцияларын іске асырады, қоршаған ортаны географиялық тану әдістерін пайдаланды, екі білім беру саласының білім беру қызметінің мазмұны, технологиялары, әдістері мен нысандары арасындағы өзара байланысты қалыптастырады; басшылардың, мұғалімдердің, қосымша білім беру педагогтарының, білім алушылардың, олардың ата-аналарының және мектеп оқушыларының география пәнінен құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік ортаның өзара іс-қимылын дамытады.

Азаматтық тұлғаны тәрбиелеудегі, баланы табиғат пен қоғамды, мәдени-тарихи мұраны танып-білуге баулудағы тиімді құрал ретінде туристік-өлкетану қызметінің маңызды екендігі расталып отыр. Олбарлық негізгі педагогикалық процестерді біріктіреді, бұл қызметте тұлғаны әлеуметтендіру едәуір жылдам жүзеге асады. Туристік-өлкетану қызметі педагогикалық ықпал етудің бес құрамдас бөлігін – білім алушылардың тәрбиесін, оқуын, сауықтырылуын, кәсіптік бағдарын, әлеуметтік бейімделуін бір уақытта жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беруді туристік-өлкетану бейінінде ұйымдастыру оқушылардың өз ерекшеліктеріне қарай уәждеделген қызметке мүмкіндік беретін нақты шығармашылық даму мүмкіндіктерін шешеді. Ол бос уақытты белсенді түрде және шығармашылық тұрғыдан пайдалануға ықпал етеді; ортақ қызығушылықтардың, рухани құндылықтардың негізінде тіл табысу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады, оқушыларға өздерінің жеке танымдық, эстетикалық, шығармашылық сұраныстары мен зерттеу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді; мектептегі бейіндік оқудың біржақтылығын жояды; таңдау еркіндігін береді, бұл тұлғаның үйлесімді және шығармашылық тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Әркімнің бірегейлігі мен қайталанбайтындығын мойындау, оқушының жақсы қасиеттерін құрметтеу, оған сену, оның жеке мақсаттарын, сұраныстары мен қызығушылықтарын есепке алу; оқушының табыстары мен жетістіктерін, проблемаларын жан-жақты талдау негізінде

шығармашылық тұрғыдан жан-жақты талдау негізінде барынша шығармашылық даму үшін жағдай жасау оқушы тұлғасына қатысты көзқарастың мәні болып табылады. Туристік-өлкетану қызметінің ерекшелігі салдарынан ұжымның мүддесі маңызды болатын тұлға тәрбиелеу бір мезгілде жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, сыныптық-сабақ жүйесін қатаң сақтау оқу-тәрбие процесін айтарлықтай тарылтады деген түсінікке келу қажет екендігін атап өткіміз келеді. Оқушылардың қоршаған ортаға, үй-жайдан тыс жерлерге шығуын талап ететін пәндер бар. Бұл бағытта мектептен тыс жұмыстың көптеген түрлері маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде көптеген оқу-тәрбие және сауықтыру проблемаларын ерекше түрде кешенді шешу туристік-өлкетану қызметіне тиесілі. Бұған дейін атап өтілгендей, бүгінде туризм организмді сауықтыруда белсенді танымдық демалыс ретінде танылып отыр.

Еңбек пен оқудың сипатын өзгерте отырып ғылымға қол жеткізу адамның өзіне тікелей әсер етеді: олардың ойлау, эмоциялық-психикалық функциялары бірінші орында, қозғалу, физикалық функциялары екінші орында тұрады. Эмоциялық шиеленіс деңгейі артқан кезде қозғалу белсенділігі төмендейді. Қозғалыс белсенділігінің жетіспеуінен туындайтын гиподинамиядан адам жылдам шаршайды, оны басу физикалық күш жұмсаудан болатын шаршауға қарағанда әлдеқайда күрделі. Физикалық және рухани күшті қалпына келтірудің ең жақсы әрі неғұрлым тиімді тәсілі белсенді демалу болып табылады, ол адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Туризм белсенді демалудың неғұрлым қолжетімді және пайдалы түрі болып табылады. Туризм мен денсаулықбір -бірінен ажырмайды. Туристік саяхаттар организмді шынықтыруға ғана ықпал етіп қоймай, шаршағанды басады, нерв жүйесін нығайтады, саяхаттар физикалық жүктемелері көп белсенді демалыс ретіндегі адамның бірден бір қажеттілігіне айналып барады. Тағы да мынаны атап өткіміз келеді: туризм – әртүрлі аурулардың, әсіресе жүрек-тамыр, нерв жүйесі, тыныс алу, ас қорыту органдары ауруларының алдын алатын мықты құрал. Қазіргі уақытта оқушыларды неғұрлым күрделі саяхаттарға даярлау, техниканы пысықтау, керек-жарақтарды тексеру үшін демалыс күнгі жорықтарды кеңінен пайдалану керек. Осылайша, жорықтардың сауықтыру және спорттық әсерімен қатар, тәрбиелік және білімдік әсері де зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Концептуальные подходы к развитию детско-юношеского туризма в Республике Казахстан на 2015 -2018 годы. Концептуальные подходы. – Астана: Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2014 г.

2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях (в том числе, реализующих инклюзивное образование) Республики Казахстан в 2014-2015 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014. – 181 с.

3. А. А. Остапец. Педагогика и психология туристско-краеведческой деятельности учащихся: Методические рекомендации. — М., РМАТ, 2001. — 87 с.

4. Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat <http://www.dissercat.com/content/teoriya-i-praktika-turistsko-kraevedcheskoi-deyatelnosti-uchashchikhsya-v-sisteme-dopolnitel#ixzz3Q0VdFgw9>

5. Сафонова Н.А. Туристско-краеведческая деятельность как средство социализации современного подростка // Дополнительное образование детей фактор развития творческой личности: Мат. Всерос. науч - практ. конф. - С - Петербург, 1998. - С. 61-66.

6. Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat <http://www.dissercat.com/content/organizatsiya-obrazovatelnoi-turistsko-kraevedcheskoi-deyatelnosti-uchrezhdenii-dopolnitelno#ixzz3Q1OruZqM>

7. Строев К. Ф. О краеведческом принципе в преподавании географии. «География в школе», 1963, № 3.

8. Махов С.И. Совершенствование туристско-краеведческой подготовки в школе и вузе //Материалы межрегиональной научно-практической конференции «География населения и расселения: история и современность». - Нижний Новгород, 1999. С. 157-160.

9. <http://www.kazedu.kz/referat/141297>

10. Сборник «Состояние, проблемы и перспективы детско-юношеского и социального туризма: материалы международной научно-практической конференции «Роль и задачи массового туристско-краеведческого движения в воспитании и оздоровлении населения», 1 декабря 2013 г. /сост. И.А. Дрогов, Ю.С. Константинов, Д.В. Смирнов; М.; МосгорСЮТур, 2013.

«Отанымыздың елордасы – Астанамен танысамыз» атты өлкетану жобасын жүргізу ережесінің жобасы

1. Жалпы ережелер

1. «Отанымыздың елордасы – Астанамен танысамыз» атты өлкетану жобасын жүргізу қағидалары оның жүргізілу және қаржыландырылу тәртібін айқындайды.

2. ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын орындау үшін «Отанымыздың елордасы – Астанамен танысамыз» атты өлкетану жобасын іске асырды, оның шеңберінде экскурсиялар ұйымдастырылады.

3. Біздің Отанымыздың қалыптасу және даму тарихын зерделеу арқылы Қазақстан Республикасының болашақ азаматының тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу жобаның негізгі мақсаты болып табылады.

4. Ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы.

2. Қатысушылар

5. Жобаға облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жалпы білім беретін мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары қатысады. Қатысушылардың жасы 10- 18 жас аралығында.

6. Әрбір облыстан, Астана және Алматы қалаларынан қатысатын топтың сандық құрамы шектелмейді.

7. Экскурсия өткізілетін жерге дейін жол жүру, экскурсия жүргізу кезінде және кері қайтатын жолда қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне топ жетекшісі толық жауапты болады.

3. Өткізу уақыты мен орны

8. **2012-2016 жылдар ішінде** экскурсиялар Астана қаласында ай сайын жүргізіледі.

4. Өткізу шарттары

9. Жобаға қатысуға алдын ала берілетін өтінімдер қағаз немесе электронды жеткізгіштермен мына мекенжайға жіберіледі: 010000, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, факс: 8-7172-249305, байланыс тел. 8-7172-249308. e-mail: Kalievdin@mail.ru

10. Топ жетекшісі турға жіберуші тарап бұйрығының көшірмесін, Экскурсияға қатысушылардың денсаулық жағдайлары туралы медициналық анықтамаларды ұсынуға міндетті.

Қатысушылар мен басшылардың қолдары қойылған Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өткені туралы ақпаратты ұсынады.

11. Ұйымдастырушылар әрбір топ үшін экскурсия бағдарламасын жасап, астанаға келу күні мен уақытын турға жіберуші тараппен алдын ала келіседі.

12. Экскурсиялар бағдарламасына өзгерістер енгізу құқығын ұйымдастырушылар өздеріне қалдырады.

5. Нәтижелерді анықтау және марапаттау

13. Тур аяқталған соң мектеп оқушылары экскурсиялық тур уақытында өткізілген күндер туралы эссе жазулары керек. Оқушылар өз жұмыстарында асқақ армандары мен ойларын ашып көрсете алады. Барлық креативті идеялар құпталады.

14. Экскурсиялық турдың қорытындылары бойынша ең үздік эсселер «ЭкоӘлем» журналында және Ziyatker.kz сайтында жарияланатын болады.

15. Жобаға қатысушылардың барлығына да сертификаттар беріледі.

6. Қаржыландыру

16. Қаржыландыру «жалпы оқыту қорлары» мен ата-аналардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

17. **3 күндік күндізгі турдың құнына:**

- трансфер (қарсы алу-шығарып салу);
- қонақ үйде тұру;
- үш мезгіл тамақтану (таңертең-түсте-кеште);
- қала бойынша толық көліктік қызмет көрсету (автобус);
- кіру билеттері мен экскурсиялық қызмет көрсету.

18. Қатысушылар мен басшылардың жол жүру ақысын төлеумен байланысты шығыстар, сондай-ақ жолда тамақтану жорыққа жіберуші тараптың есебінен бөлек төленеді.

**“Менің Отаным - Қазақстан” туристік-өлкетану
экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізу
ЕРЕЖЕСІНІҢ жобасы**

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан халқы ассамблеясы жылына арналған “Менің Отаным - Қазақстан” туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слетін (бұдан әрі - Слет) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Слеттің мақсаты: мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, басқа ұлттардың салт-дәстүріне және әдет-ғұрпына дұрыс көзқарас қалыптастыру, ізгілік пен ашық жарқын тәрбие беру, білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану қызметінде экспедициялық штабтарды және отрядтарды белсендіру, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Міндеттері:

1) ізгілікке және мейірімділікке тәрбиелеу, басқа ұлттың әдет-ғұрпы мен дәстүріне оң көзқарастық қызығушылығын қалыптастыру, жан-жақты жетілген мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу;

2) кіші Отанын зерделеу, туған өлкенің рухани және мәдени, тарихи мұрасына балаларды тарту;

3) оқушылардың іздеу-зерттеу қызметінің дағдыларын жетілдіру;

4) туристік-өлкетану экспедициялары арасынан ең үздік республикалық экспедициялық жасақтарды анықтау;

5) оқушылармен туристік-өлкетану жұмысының әдістері мен инновациялық үлгілерін іздестіру және сақтау;

6) Қазақстан халқының фольклорлық шығармашылығына араласу негізінде балалардың шығармашылығын қолдау және дамыту;

7) республикадағы оқушылардың туристік-өлкетану бірлестіктерінде жинақталған озық тәжірибелерді талдап, қорытындылау және тарату.

3. Слетті ұйымдастырушылар _____

2. Өткізу орны мен уақыты

4. Слет _____ жылғы _____ өткізіледі. Командалардың келу күні – _____, қайту күні _____

5. Слетке қатысушылардың тізімі мен өтінімі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары басшыларының қолдары қойылып, мына мекенжайға жіберіледі:

Өтінімде: қатысушылардың аты-жөні, сыныбы, білім беру ұйымы, команда жетекшісінің аты-жөні және лауазымы көрсетілуі тиіс.

3. Слетке қатысушылар

6. Слетке «Менің Отаным – Қазақстан» өңірлік туристік-өлкетану экспедициясының жеңімпаз командалары жіберіледі.

7. Облыстар, Астана мен Алматы қалалары командаларының сандық құрамы - сегіз адам: жеті оқушы (қыздар екеуден кем емес) жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасынан бір жетекші. Қатысушылар жасы: **14-15 жас**.

8. Команда жетекшілері Слетті өткізу орнына дейінгі жүру жолында, Слетті өткізу барысында және тұратын жеріне кері қайту кезіндегі қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне толығымен жауапты.

4. Өткізу тәртібі

9. Слет екі кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең (іріктеу) – облыстық, қалалық (Астана мен Алматы қалалары). Бірінші кезең қорытындысы бойынша өңірлік слеттің жеңімпаз командалары анықталады;

екінші кезең (қорытынды) – республикалық.

10. Слеттің өңірлік (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Білім басқармалары басшыларының бұйрықтары негізінде анықталады.

11. Слетке келген команданың жетекшісі ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

1) Слетке қатысу туралы білім басқармасы басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (аты-жөні, туған жылы, сынып, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинация, жұмысының аталуы, команда жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

3) медициналық анықтама (әрбір қатысушыға);

4) жеке куәлік (паспорт) немесе туу туралы куәлік;

5) команда жетекшісінің іссапар куәлігі;

6) оқу орнының мөрімен куәландырылған анықтама фотосуретімен;

7) команданың сақтандыру полисі.

5. Өткізу шарты

12. Слет келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «**Жас өлкетанушы**» өлкетану жобасы;

2) «**Қазақ өлкесі туристік өлке**» тәжірибелік кезең;

3) «**Қазақстан халқы достығының фестивалі**» (үй тапсырмасы) конкурстық блок.

1. «**Жас өлкетанушы**» өлкетану жобасы номинациясы.

Өлкетану жобасына (2 қатысушы) алдын ала жеребе арқылы келісілген тақырып бойынша презентация дайындалады: «Халықтық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып және өнер» 5 минут ішінде іздеу-зерттеу қызметі, халықтың ауызша шығармашылығы, халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, сурет өнері, театр, музыка, атақты адамдар, әдебиет қайраткерлерімен кездесулері туралы.

2. «**Орал өлкесі туристік өлке**» Орал қаласының көрнекті және ұмытылмас орындары (мұражай, ескерткіш, ғимарат және т.б.) бойынша барлық командалар спорттық бағдарлауға қатысады. Жарысқа қатысушылар «Тілсіз» картаның және электронды құрылғының (чип) көмегімен берілген бағыттар бойынша ескерткіштер мен ғимараттарды бақылау пункті (БП) ретінде анықтайды және табады. Жарысқа қатысушылар өлкетану бойынша әрбір пункттегі сұрақтарға жауап беруі тиіс. Соңғы сұрақ келесі БП-ге бағыттайды. Сипаттауға 5 минут уақыт беріледі. Нысанды сипаттап болғаннан кейін өлкетану материалы бойынша қолжазба оқушының білімін бағалауға әділ қазылар алқасы мүшелеріне беріледі.

3. Жасанды рельефте жартасқа өрмелеу бойынша жарысқа (1 ұл, 1 қыз) қатысады.

Қиындыққа өрмелеу – жартасқа өрмелеу түрі - жеке өрмелеу. Мақсаты – жартасқа көтерілу. Спортшыларға трассаны қарауға ереже бойынша 5 минут уақыт беріледі, сол уақытта спортшылар шахмат партиясы сияқты әр жүрісін ойластырады, содан кейін олар кезектесіп трассаға кіруге тырысады. Жарысқа қатысушыға бір мүмкіндік беріледі. Ереже бойынша уақыт 4 минуттан 15 минутқа дейін шектеледі. Төменгі сақтандыру қолданылады. Қозғалыс белсенділігінің техникалық қиындығы әртүрлі және қиын, сондықтан жоғары ұйымшылдықты, жинақылықты, ұқыптылықты және қозғалыстың дәлдігін талап етеді.

Жылдамдықпен өрмелеу - жартасқа өрмелеу түрі - жеке өрмелеуде уақытқа асығу. Мақсаты – санаулы уақыт ішінде трассаға көтерілу. Жоғарғы сақтандыру қолданылады.

4. «Омпы» және «Қалашықтар» халық ойындары

«Омпы» (балалар ойыны) – асықтың тік тұруы. Бұл ойынды 2 бала ойнай алады. Жерге екі сызық сызылады, ал олардың арасында дәл ортасына жолақ жүргізіледі. Бұл жолақ кон болып есептеледі. Әр ойыншы конға екі асықтан қояды. Конның дәл ортасына бір асық «омпы» тәрізді етіп қойылады. Сызықты бойлай тұрған қатысушылар, кезектесіп конда тұрған асықты атады. Атқан асықтарын өзіне алады. Кім «омпыға» тигізсе, кондағы асықтың бәрін өзіне алады. Асық саны кімде көп болса, ойын жеңімпазы сол болады.

«Қалашықтар» ойынын ойнау шектеулі алаңшада **«қалашық»** деп аталатын бес городоктан тұрғызылған фигураларды белгілі қашықтықтан битамен соғу болып табылады. Қалашық ойнау үшін 10 фигура қолданылады. 10 фигурадан тұратын партияға 2 бала қатысады (ұл және қыз), фигураларды төмендегідей рет-ретімен қойып соғады: 1. «Зеңбірек», 2. «Шанышқы», 3. «Құдық», 4. «Жебе» немесе «Садақ оғы», 5. «Артиллерия», 6. «Қол орақ», 7. «Пулемет ұясы», 8. «Самолёт», 9. «Тир», 10. «Хат». «Қағып жіберу» тәсілдері арқылы жарысты өткізу: командалар жарыстан қатысушылардың бірінің алғашқы жеңілісінен кейін шығарылады.

5. «Қазақстан халқы достығының фестивалі» (үй тапсырмасы) конкурсқа халықтық әндер мен билер, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың театрланған көрсетілімдері және конкурсқа делегацияның барлық мүшелері қатыса алады.

13. Әр өңірлік делегация мүшелерінің біркелкі киімдері мен эмблемалары болуы қажет.

6. Қорытындысын шығару және марапаттау

14. Жеңімпаздар I, II, III деңгейлік дипломдары және бағалы сыйлықтарымен, Слет жеңімпаздарын дайындаған педагогтер алғыс хаттармен марапатталады, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

7. Қаржыландыру

15. Топ жетекшілері және қатысушылардың тұрғын орны мен тамақтануы, жол шығындарының төлемі жіберуші жақтың есебінен жүзеге асырылады.

Оқушылардың «Салют, Жеңіс!» атты оқу-зерттеу жұмыстарының халықаралық өлкетану конкурсының ережесі

1. Жалпы ережесі

Оқушылардың «Салют, Жеңіс!» оқу-зерттеу жұмыстарының Халықаралық өлкетану конкурсы (одан әрі-Конкурс) «Тәуелсіз Елдер Достастығының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері жылы» (2013ж. 25 қазандағы Минск қаласындағы Мемлекеттер Достастығы басшыларының Кеңесінің шешімі) және Евразиялық экономикалық одақ елдерінің (ЕАЭО) білім беру жүйелеріндегі өзара әрекеттестігі шеңберінде өткізіледі.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдық мерейтойы - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушылары үшін төтенше маңызды және шын мәнінде айрықша мәнді кезең болып табылады. Ең алдымен – бұл біздің ортақ тарихымыз, бұл жауынгер бауырластығы туралы ескерткіш, күштерін, өмірлерін аямай біздің еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін соғысқан барлық ұлт жауынгерлерінің теңдесі жоқ ерлігі және батырлығы. Ұлы Жеңіс біздің мемлекетімізді және халқымызды біріктіреді және келешекте де одан әрі біріктіріп, нығайтатын болады.

Конкурсты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК, «А.А. Остапец - Свешников атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясы» өткізеді.

Конкурсты тікелей өткізу, жұмыстарға сараптама жасау балалар туристік орталықтарына жүктеледі.

Қазақстан:

Ресей:

Конкурс ТМД елдері оқушыларының «Отан», «Менің Отаным-Қазақстан» туристік-өлкетану қозғалысының практикалық бөлімі болып табылады.

Байқау оқушылардың зерттеу жұмыстарын одан әрі дамыту, жеңімпаздардың, жүлдегерлердің, дипломанттардың және осы жұмыстағы олардың ғылыми жетекшілерінің жеке қосқан маңызды үлесін көпшілікке таныту мақсатында төмендегідей міндеттерді қояды:

- жалпы рухани және мәдени кеңістікті жасауда өз үлесін қосатын өскелең ұрпаққа, туристік-өлкетану қызметі құралдары арқылы білім беру мазмұнын және ұйымдастыруды жетілдіру, ұлтаралық келісімді қолдау ;
- өлкетану облысындағы талантты балалар мен жастарды анықтау және қолдау;
- туған өлкесінің этномәдени мұраларына ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу,
- әлемдегі өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту,

1. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:

Конкурсқа: сол Конкурс уақытын қосқанда (2001ж. 8 сәуірден кейін туылған) 13 жасқа дейінгі кіші топтар, 14-18 жастағы ересек топтар қатысады.

Конкурсқа тек жеке қатысуға рұқсат етіледі.

3. Конкурсты өткізу тәртібі.

3.1. Конкурс шарты, қатысушылар тізімі, Конкурс бойынша ақпарат, нәтижелері www.ziyatker.org, <http://madutk.ru>. сайтында жарияланатын болады.

3.2. Оқуға қатысу үшін жергілікті тарих, мәдениет, табиғат, экономика мәселелері бойынша жұмыстар, жалпы мемлекеттік материалдармен байланысты жұмыстар немесе өз еліңнің жалпы тарихы мәтіні қабылданады.

Оқу 11 номинация бойынша (2-жас ерекшелігі топтарында) өткізіледі.

1. **«Менің халқымның өткен өміріндегі батырлығы»** - Бұрынғы уақыттағы менің өлкем.

2. **«Отан даңқы үшін өмір сүрген»** - Отан қорғаушылардың соғыстағы ерліктері мен тағдырларының бейнесі менің өлкемнің халық мәдениетінде, фольклорында, топономикасында.

3. **«Ескерткіштер сыр шертеді...»** - Соғыс жылдарында пайда болған өнер ескерткіштері. Отан қорғаушыларға арналған сәулет, әдебиет, музыка, театр және кескіндеме ескерткіштері.

4. **«Отан үшін от кешкендер»** - 20-21 ғасырдағы менің өлкемнің атақты қолбасшылары мен орденді батырлары, «солдат ерлігі».

5. Әртүрлі замандағы (дәуірдегі) азаматтықты және патриотизмді қалыптастырудағы дәстүрлі конфессия рөлі.

6. **«Ешкімде, ешқашанда ұмытылмайды!»** - I-ші-II-ші Дүниежүзілік соғыстар: «үлкен» және «кіші» Отанымның тарих беттеріндегі менің жанұямның өмірлік жолы.

7. **Соғыс кезіндегі тыл және майдан** – Тыл еңбеккерлерінің ерлігі. Госпиталдарды эвакуациялау. Ұлы Жеңіс жолындағы жау тылындағы және алдыңғы шептегі әйелдердің қосқан үлесі.

8. **«Балалар және соғыс»** - Ұлы Жеңіс жолындағы балалар мен жасөспірімдердің қосқан үлесі. «Соғыс кезіндегі балалардың» ерлікке толы істері мен қайғылы тағдырлары.

9. **«Ерлік пен батырлықты мадақтаймыз»** - Мектеп музейлері, өлкетану қызметі, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі оның рөлі.

10. **«Дүниежүзілік және Отан соғысы жылдарындағы менің жерім»** тақырыбы бойынша экскурсиялық маршрут жасау.

11. Конкурстық бағдарлама **«Сол ұлы жылдарға бас иеміз»** - 1-10 номинацияға қатысушыларға.

11.1 Кескіндеме және графика туындылары, фотографиялар.

11.2 Әдеби-өлкетану туындылары.

11.3 Авторлық ақындық шығармалар, Конкурс тақырыбы бойынша авторлық әндер.

11.4 « Майдангерлер жанұя альбомында» слайд-фильмдер, «Ардагерлер бізбен бірге өмір сүреді (өмір сүрді)» видеофильмдер-акциялар.

Конкурсқа қатысушы 11-номинациядағы 4-конкурстың әрқайсысынан бір жұмыстан кем емес жұмыс ұсынады. Осындай шығармашылық жұмыстың әрқайсысына міндетті түрде қысқаша анотация жазылады (көлемі -1 бетке дейін.). Барлық конкурстық шығармашылық жұмыстар өлкетану қызметінің тәжірибесін бейнелеуі тиіс.

3.3. Конкурсқа қатысушылар санына қарай номинациялар біріктірілуі немесе, керісінше осы номинацияның негізінде бірнеше номинацияларға бөлінуі мүмкін.

Конкурсқа төмендегідей құжаттар кіреді:

3.3.1 Конкурстың зерттеу жұмыстары - **№1 Қосымша** «Конкурстың өлкетану зерттеу жұмыстарын дайындауға қойылатын талаптарға» сәйкес орысша немесе беларусша, қазақша дайындалады. Мына мекен-жайға электронды поштамен жіберіледі: **Ресейден** жіберілетін [жұмыстар-70pobeda@mail.ru](mailto:jumystar-70pobeda@mail.ru), **Қазақстаннан-** жіберілетін жұмыстар- nt_ekotur@mail.ru – **2015 жылдың 2-нурызына (2-н қоса санағанда) дейін** жіберіледі, жұмыс **№1 қосымша** таблицада көрсетілген (сонымен қатар жіберілген жұмыс) электронды мекен-жайда жеке тіркеу нөмірі **№** мақұлданғаннан кейін қабылданған болып есептелед. Алдағы барлық сұрақтарда ұйымдастыру комитетіне осы **№** көрсетілуі тиіс.

3.4 Конкурс бір этапта өткізіледі:

3.4.1 Интернет –этап **2015 жылдың 2-нурызына(2-н қоса санағанда) дейін** (зерттеу жұмыстарының эксперттік бағасы) – 2015 жылдың 27- наурызына дейін интернет –этаптың **жеңімпаздары мен дипломанттары анықталады**, 2015 жылдың 20-сәуіріне дейін әр елдің ұйымдастыру комитеті таблицада көрсетілген, **№1 қосымшадағы** авторлар жіберген электронды мекен-жайға марапаттау сертификаттарын жібереді.

3.5 Зерттеу жұмыстары, (**№2 қосымша**) «Зерттеу жұмыстарының бағалау критерияларына», шығармашылық – «11-номинация шығармашылық жұмыстарды бағалау критеріінің «Конкурстық бағдарлама» (**№3 Қосымша**) сәйкес бағаланады

3.6 Конкурсқа жұмыстар төмендегідей жағдайларда қабылданбайды, егер:

- ұсынылған жұмыс Конкурс бағдарламасына сәйкес келмесе;
- конкурс материалдарының дайындалуы (безендірілуі) Конкурс материалдары талаптарына сәйкес келмесе;

3.7 Ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды, бағалау хаттамалары мен жұмысқа жазылған пікірлер кері жіберілмейді.

3.8 Конкурсқа қатысушылардың үздік жұмыстары (немесе тезис жұмыстары, немесе жұмыстарының үзінділері) қазылар алқасының ұсынымымен: «Юный краевед», «Вестник Академии детско-юношеского туризма и краеведения», «ЭкоӘлем», «Сокпак- Тропинка», басқа да әдістемелік, педагогикалық және ғылыми журналдарға жарияланатын болады.

4. Оқуға басшылық

Оқуға дайындық және өткізудің жалпы басшылығын Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитеті:

- Конкурс бағдарламасын, қазылар алқасының құрамын және жұмыс шартын, әр номинация бойынша Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін бекітеді;

- жұмыстарды қабылдайды, қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

- сайтқа Конкурс қорытындысы туралы ақпарат жібереді.

Конкурстың қазылар алқасы:

- конкурс талаптарына сай келген материалдарды бағалайды.

- әр номинациядан орта балл бойынша Конкурс лауреаттары (жеңімпаздарын) мен дипломанттарын (жүлдегерлерін) анықтайды, арнайы дипломдармен марапаттау туралы ұсыныстар жасайды.

Әр номинация бойынша қазылар алқасының шешімі хаттамаларда дайындалады және қазылар алқасы төрағасы бекітеді. Қазылар алқасы шешімді құпия қабылдайды. Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.

5. МАРАПАТТАУ

Конкурстың барлық қатысушылары мен олардың жетекшілері Конкурстың интернет- этапқа қатысушының атаулы сертификатын алады.

Интернет – этаптың лауреаттары мен дипломанттары, олардың жетекшілері интернет-этап Конкурсының дипломдарымен марапатталады.

Барлық сертификаттар авторларға электронды түрде электронды пошта арқылы жіберіледі, Конкурсқа қатысушылардың барлық жұмыстары ұйымдастыру комитетінің «Дом дружбы» виртуалдық сайтында жариялануы мүмкін. Мүмкін басқа ұйымдардың, басқа заңды және физикалық тұлғалардың (сайтты қараңыз) арнайы дипломдары берілуі мүмкін.

6. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТЫ

Конкурсқа қатысу – тегін.

Конкурстың өлкетану зерттеу жұмыстарын дайындауға қойылатын талаптар

1. Өз елінің мекен-жайына – Ресей E-mail: 70pobeda@mail.ru , Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Кеңесары 40, Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы, факс: 8-7172-24-93-05, тел. 8-7172-24-93-07 E-mail: nt_ekotur@mail.ru – көлемі 10 бетке дейін компьютерде терілген ((формат А4, Word for Windows, шрифт Times New Roman, кегль 14, интервал бір жарым, барлық шеткі сызық - 2 см). Қосымша көлем – 10 беттен көп емес. **Барлығы бірге Word файлында 10 мб аспауы тиіс, файл атауы – «фамилиясы, тақырыбы қысқаша», мысалы: Цецхладзе, Солдат тұрмысы.** Фотографиялар мен суреттерді (100-300 кб) үлкендік көлеміне өзгерту үшін жұмысты сайтқа орналастырар алдында Microsoft Office Picture Manager немесе басқа графикалық редакторлар қолданылуы мүмкін.

2. Өлкетану зерттеу жұмысы (кіші топтар үшін қысқаша нұсқа болуы мүмкін) келесідей құрамдардан тұрады:

- Титул беті

Оқушылардың «Салют, Жеңіс оқу-зерттеу жұмыстарының Халықаралық өлкетану конкурсы	
Номинация № ____ « _____ »	
Жас тобы _____ <u>фото</u>	
<i>Автор фотосы. Көлемі <u>250</u> <u>пикселден</u> <u>аспауы тиіс</u> .Фотода тек автордың өзі болуы тиіс</i>	
Жұмыс тақырыбы	
<i>Дайындаған:</i>	
Оқушының фамилиясы, аты _____	
класы _____ мектебі _____ және білім беретін	
мекеменің толық аты	
аймағы, елі	
Туған жылы	

Мекеме мекен-жайы

Жетекшісі:

**Жетекшісінің фамилиясы, аты,тегі, лауазымы
Жұмыс орыны**

- төменде аталған бөлімдердің мазмұны;
- мәселелерді мазмұндау кіріспесі; жұмыстың мақсаты мен міндеттері; оның өзектілігін дәлелдеу; зерттеу мәселелері бойынша әдебиет көздеріне қысқаша шолу жасау; зерттеуді өткізу орны мен уақытын көрсету; зерттеу ауданына қысқаша сипаттама;
- зерттеу әдісі (жинақ әдісін сипаттау, материалды алғашқы және статистикалық өңдеу);
- зерттеу нәтижесі және оны талқылау. Қажеттігіне қарай таблицалар мен кескіндерді және т.б. пайдалану;
- тұжырымдау (тапсырмада қойылған сұрақтарға қысқаша жауап беру);
- қорытындыда жұмысты орындауда көмектескен тұлғаның белгіленуі, осы зерттеулерден туындаған келешекке жоспарланған жұмыстар және практикалық рекомендациялар;
- библиографиялық тізім ережелеріне сәйкес қолданылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі. Жұмыс тақырыбында дереккөздер мен әдебиеттер сілтемесі болуы тиіс.
- қатысушы мен оның жетекшісі туралы мәлімет (сертификаттар мен хаттамаларды дұрыс толтыруға арналған кесте):
Үлгі

Тақырыбы	Қатысушының фамилиясы, аты, әкесінің аты	Класы, білім мекемесі, аймағы, елі	Номинация нөмірі №	Тобы	Жетекші	Электронды адресі (сертификаттар жіберу үшін)
Майдан ағы солдат тұрмысы - Жеңіс кепілі	Цецхладзе Дарина	Ресей Федерациясы Ростов облысы, Азовскі ауданы	4	ересек	Кадченко Вера Александровна, Ресей Федерациясы Ростов облысы,	azov@mail.ru

		Пешков ЖОББМ МБМ 10класс оқушысы			Азовскі ауданы Пешков ЖОББМ МБМ тарих пәнінің оқытушысы	
--	--	--	--	--	--	--

3. Үлкен көлемдегі фактіге негізделген және сандық мәліметтер, сонымен қатар, суреттер, диаграммалар, сызбалар, карталар, фотографиялар және т.б. жұмыстың соңына – қосымшаға енгізілуі мүмкін. Барлық қосымша нөмірленген және атаулары болуы тиіс, жұмыс тақырыбында оларға сілтеме жасалуы тиіс.

Картографиялық материалдың шартты белгілері, масштабы болуы тиіс.

Зерттеу жұмыстарын бағалау критерийі

- тақырыпты негіздеу, жаңашылдық – 1 балға дейін;
- тарихнама (әдеби шолу), дереккөздер, эксперименттік мәліметтер – 1 балға дейін;
- жұмыс құрлымы, тақырыбының мазмұнына сәйкестігі, ғылыми анықтамалық аппарат – 1 балға дейін;
- баяндау қисындылығы, стилі – 1 балға дейін;
- мазмұны – 4 балға дейін;
- зерттеудегі автордың қосқан үлесі – 1 балға дейін;
- жұмыстың дайындалуы (титул беті, библиография, ұқыптылық, сауаттылық, Ережеге сәйкестігі) – 1 балға дейін;
- осы конкурс тапсырмасы бойынша жоғарғы (қорытынды) баға – 10 балл.

Бағалау системасы:

Әр елдің қазылар алқасы алған жұмыстарын бағалаудың бірдей критерилері бойынша өздері бағалайды, бірдей халықаралық сертификаттар жібереді. Сертификаттардың, хаттамалардың бірдей үлгідегі формаларын дайындау басқа елдердің ұйымдастыру комитеттерінің ескертулерін және ұсынбаларын ескере отырып, РФ ұйымдастыру комитетіне жүктеледі. Финалда ұйымдастыру комитеті сайтында барлық хаттамалар біріктіріледі.

Әр орталықтағы Эксперттер (1адамнан -3адамға дейін) ұйымдастыру комитеті жіберген жұмыстарды бағалайды (мысалы файл 435_Цецхладзе_Солдат тұрмысы регистрациялық №435).

Жалпы ортақ бағасы есептеледі, мысалы, $(9,5+9,0+9,5)/3=9,3$. Бұл хаттама (әр жұмыстың бір ортақ бағасы) елдің ұйымдастыру комитетіне жіберіледі, барлық қазылар алқасының орташа қорытынды бағасы есептеледі .

Кімнің орташа қорытынды бағасы жоғарғы баллдан (баға 9 баллды қоса есептегенде және оданда көп болса) 90% - лауреат, (6 баллдан- 9 баллға дейін) 60%- дипломант.

«Конкурстық бағдарлама» бойынша 11-номинацияның шығармашылық жұмыстарын бағалау критерийі

«Фотографиялар, кескіндеме және графика шығармалары», «Әдеби-өлкетану шығармалары», «Видеофильмдер, слайд – фильмдер», «Авторлық поэтикалық шығармалар, әндер»: мазмұны 2б, сапасы 2б, көркемдік деңгейі 2б, практикалық маңыздылығы 2б, шынайылығы 2б. Барлығы 10 балл. 11.1-11.3 номинацияларының бөлімдерінің әрбір жұмысы 5 мб көп емес көлемде, слайд-фильмдер, авторлық әндер (аудиожазба) 10мб-қа дейін. 11.4 номинация бөлімінде бенефильмдер жіберілмейді, а ЮТУБта орналастырылады немесе т.б., олар Конкурстың ескерту титрларында болуы тиіс, ол бойынша орналастырылған материалдарға дереккөздерден қысқаша анотация жіберіледі. Барлық анотацияларда автор, жетекші туралы толық мәлімет болуы міндетті (№1 қосымшада).

Ұйымдастыру комитеті құрамы

1.
2.

Туристердің республикалық жарысын өткізу ережесінің жобасы

1. Жалпы ережелер

1. Туристердің республикалық жарысын (бұдан әрі- Жарыс) өткізу ережелері оны өткізу тәртібін және қаржыландыруын анықтайды.

2. Жарыстың негізгі мақсаты мен міндеттері:

- өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
- туризм тәсілдері арқылы салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру;
- республикадағы мектеп оқушылары арасында бұқаралық туристік жұмыстарды жандандыру;
- жас туристердің шеберлігін және тактикалық дайындығын арттыру;
- жақсы дайындалған жас туристік ұжымдарды анықтау, жұмыс тәжірибесімен алмасу.

3. Жаяу жүру туризмінің тәсілдері бойынша республикалық жарысты _____ өткізеді.

2. Өткізу мерзімі және орны

4. Жарыс ағымдағы жылғы _____ өтеді.

Командалар _____ күні келеді, кері қарай _____ күні қайтады.

3. Жарысқа қатысушылар

5. Жарысқа республиканың жалпы орта білім беретін мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарының командалары қатысады. Жарысқа қатысушылардың жас мөлшері: 14-16 жастағылар (жарысқа қатысқан уақытта).

6. Команда құрамындағылардың саны 6 адамнан аспауы тиіс, негізгі құрамда – 4 қатысушы (оның ішінде - 1 қыз бала), 1 адам запаста және 1 жетекші болуы қажет.

7. Команда жетекшісі республикалық жарыс өтетін жерге дейінгі жолда, оны өткізу кезінде және тұратын жеріне кері қайту жолында қатысушылардың қауіпсіздігі үшін толық жауапты.

4. Жарысты өткізу тәртібі және шарттары

8. Республикалық жарысты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті қазылар алқасын құрады.

9. Жаяу жүру туризмінің тәсілдері бойынша республикалық жарыс бекітілген бағдарлама бойынша өткізіледі:

- командалардың келуі, орналасуы;
- жарыстың ашылуы, «Техникалық трасса» қашықтығы;
- қатысушылардың визиткасы;
- «Кросс-жорық» қашықтығы,
- бардтық өлеңконкурсы;
- «Кедергілі алқап» қашықтығы;
- капитандар конкурсы;
- жарыстың жабылуы;
- жарысқа қатысушыларды шығарып салу.

Туризм тәсілдері:

а) *техникалық трасса*. Команда жекеленген табиғи бөгеттерден өтудің техникалық тәсілдерін орындайды (аспалы өткел, жармен көтерілу және төмен түсу, батпақтан өту және тт.). Команда әрбір кезеңде сақтандыруды өз бетінше ұйымдастырады;

ә) *кросс-жорық*. Жарыс туристік жорық түрінде өтеді, онда жергілікті жерді бағдарлау және топография, өткелдерде кездесетін табиғи бөгеттерден өту тактикалары мен техникаларының, туристік дағдылардың элементтері қамтылады;

б) *бөгетті алқап*. 4 адамнан құрылған команда төрешілердің келісімі бойынша табиғи және жасанды бөгеттермен жабдықталған қозғалысты, қысқа қашықтықтан өтеді. Қарастырылуы мүмкін

кезеңдер: жармен көтерілу және төмен түсу, тау шыңдарын төтелеп жүру, аспалы өткел, арқан бойынша ағаш канатпен өту, аяқ өткел, тілі (маятник), төмпешіктер, шатыр құру және т.б.;

Номинациялар бойынша жүргізілетін конкурстық бағдарламалар: үздік команда капитаны, команданың үздік тұсаукесері, бардтық өлең айту.

10. Жарысқа қатысушылар қашықтықтарды өту кезінде өздерінің жабдықтарын пайдаланады. Команда әрбір қашықтықтан өту кезінде сақтандыруды өз бетінше ұйымдастырады. Жарысқа төрешілік етуді ұйымдастыру комитеті бекіткен бас төрешілер коллегиясының (бұдан әрі - БТК) атынан спорттық туризм мен туристік көпсайыс федерациясы атқарады.

11. Жарыстарды өткізу және төрешілік ету жұмыстары 2009-2012 жылдарға арналған БТ жөніндегі жарыс ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Айыппұл кестесі мен жарыстың шарттары БТК бекіткен нағыз Ережесі болып табылады. Техникалық әдістер мен құрал-жабдықтарды қолдану туристік жарыстарды ұйымдастыру мен өткізудің және жарысқа төрешілік ету әдістемелік нұсқаулығына сәйкес орындалады.

5. Нәтижелерді анықтау және марапаттау

12. Үш қашықтықтан өту барысында көп ұпай санын жинаған команда жеңімпаз болып табылады. Жинаған ұпай сандары тең түскен жағдайда жеңіс «Кросс-жорық» қашықтығында үздік нәтиже көрсеткен командаға беріледі.

13. Жеңімпаз командалар мен қатысушылар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

14. Педагогтер мен жетекшілерге сертификаттар тапсырылады.

6. Құрал-жабдықтар және командаларды қабылдау шарттары

15. Әр облыстан келген команданың бірыңғай киімдері (форма), кеуде белгілері (эмблема) және аты-жөні жазылған белгілері (бейджик) болуы тиіс.

16. Жарыстарға қатысу үшін қажетті құрал-жабдықтардың тізімі:

жеке жабдықтар (әрбір қатысушыға): байлауға арналған орама, қоршау және негізгі арқаннан жасалған 2 «қылқан», қолғаптар, шаппалы құрылғы, 2-3 дана карабин;

топтық жабдықтар - 25-30 дана карабин, 3x40 метрлік негізгі арқан, қоршаулар, айырмалы жіп, фал немесе зембілге арналған айырмалы жіп, карта сызу үшін қажетті құралдар, 2-3 дана компас. Басқа жабдықтарды команда өз қалауы бойынша жабдықтайды.

7. Өтінім беру тәртібі және мерзімі

17. Жарысқа қатысушылардың өтінімдері мен тізімдері жарыстың басталу мерзімінен 15 күн бұрын ұйымдастыру комитетіне мына мекен-жай бойынша жіберіледі:

